



КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық академиялық кітапханасы*

«Бір ел – бір кітап» – 2012»



Астана – арманның аңызы

Ажар ЕРБОЛҒАН,
жас ақын



Мен...

О бастан аппақ арман ем!
(Сезбеген шығар да сол шақта болған ел).
Бауырлап атқанда Бозоқтың боз таңы,
Сезетін... Сезетін!
Болашақ болмыстың
елесін көретін ар да бел.

Тарихтың көне жанары болып
Есіл мен Нұра арнасы,
Жосылып сонау Жібек жолының жалғасы,
Қараөткел қаққан қазық та қалды сол шақта,
Бір күні келер тұғырлы таңның таңбасы.

Серт еткем сонда,
Арқаның төсінде туымды көкке іліп,
Тұранда тыныштық түйесін шөктіріп,
Жаһанның жанарын өзіне байлар деп,
Қазақтай ұрпағың, киелі Көктүрік!

Содан соң
өткеннің көз жасын
қайралған кегіммен құрғаттым!
санамда солдырып қайғының соңғысын...
дүбірлі той кешкен таңменен бірге аттым,
«Сарыарқа» күй болып болмысым!

Бүгінге жеткізіп, сан ғасыр, жыл өтті,
Тірімін, мың жылдық тамырым дір етті!
...Астана арманның аңызы-ақиқат
Ақиқат осындай – Алаш жүректі!

Құрметті оқырман!

Алаштың ай-көркіне айналған Астанамыз – 14 жаста!
Еуразия жүрегіндегі елордамыздың көрікті келбетін өлеңіне өзек еткен жас суреткердің бірі – Ажар Ерболған. Журнал ақын арудың «Астана – арманның аңызы» өлеңімен ашылды.

23 сәуір – Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқықты қорғау күні. Осыған орай, кітапханамызда өткен Ашық есік күні аясындағы мәдени іс-шаралар «Встречи в знаменательный день» атты материалда көрініс тапты.

Биыл «Бір ел – бір кітап» – 2012» акциясы негізінде ниет еткен ел-жұрт түгел оқуға Оралхан Бөкей шығармалары ұсынылды. Жазушы Айгүл Кемелбаева «Оралхан Бөкей. «Кербұғы» және қазақ санасы» атты мақаласы арқылы акция кітабын жариялауға арналған баспасөз маслихатынан жан-жақты мәлімдейді.

«Жеке кітапхана» айдарымен берілген қонаевтанушы Ораз Қауғабайдың «Кемеңгердің кітапханасы» атты мақаласында қамтылған тың деректер де көңілге қонымды.

Екінші бөлімде кадр өлеуеті, кәсіби біліктілікті көтеру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Кітапхана ісіндегі қайраткер тұлғаның іс-тәжірибесі оқырман назарына ұсынылды.

Сондай-ақ кітапханалардың ақпараттық қоғамға қарай бейімделу барысы, бұл ретте Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университеті Электронды кітапханалар, ақпараттық жүйе және технологиялар кафедрасының профессоры Вадим Степановтың «сандық дәуір және кітапхана ісі» бойынша материалы мамандар үшін аса қажет.

Үшінші бөлімдегі «Таным» айдарымен жазушы-аудармашы Ғалым Ахмедовтің «Ақсақ Темір жайындағы кейбір аңыз әңгімелерінен» алынған үзіндіде кітаптың рөліне, ал жас ғалым Олжас Шарияздановтың «Цивилизационное значение Великого Шелкового пути на территории Казахстана» атты еңбегі көп жылғы көшпенділер мәдениетінің күретамырындай қазақ елінің ежелгі өркениет бесігі болғандығын айғақтайды.

Қымбатты оқырман, «Кітап патшалығының» кірпияз тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!



Құрметпен, Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал



Редакциялық алқа төрайымы
Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА

Әкім ТАРАЗИ
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
Иманғали ТАСМАҒАНБЕТОВ
Майя ЖИЕНБАЕВА
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Тілеуғали ҚЫШҚАШБАЕВ
Хабиба АҚЖІПТОВА

Меншік несі:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12 қарашадағы №10493-Ж куәлігі берілген

Журналға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып табылмайды. Журналға жарияланған

Бас редакторы
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ
Бас редактордың орынбасары
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА
Редакторлары
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Азамат ЕСАЛЫ
Беттеген Баспа-редакция орталығы
Жетекшісі –
Балнұр ТӘУЕКЕЛОВА
Дизайнер
Санель АМАНОВА

материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.

“Print house GERONA” баспахана-сында басылды.
Мекен-жайы:
Алматы қаласы, С.Сейфуллин даңғылы, 458-460, 201-205 кеңсе.
Тел.: 8 (7272) 504 740, 662 919
Жазылу индексі: “Евразия Пресс”, “Қазпошта” 74330


Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел.: 8 (7172) 285266, 8 (7172) 446241
e-mail: kp_2009@nabr.kz

МАЗМҰНЫ

Ажар ЕРБОЛФАН
Астана – арманның аңызы..... 2

Бас редактор бағаны.....3

ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ
Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
Встречи в знаменательный
день.....6



БІР ЕЛ – БІР КІТАП
Айгүл КЕМЕЛБАЙ
Оралхан Бөкей. «Кербұғы» және
қазақ санасы.....8

БІР ЕЛ – БІР КІТАП
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
«Біртуар».....13

ТАРИХ&ТҰЛФА
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Аналар алғысын арқалаған
ардақты академик.....14

ТАРИХ&ТҰЛФА
Айсұлу СЕЙІЛОВА
«Абаймен ана тілінде тілдесе
алмағандар ақыннан алыс
тұрады».....16

СОДЕРЖАНИЕ



ЖАҢА КІТАП
Асыл ойлар – ару Алтайдан!.....18

ЖАҢА КІТАП
«Теледидар өнері» жинағы
оқырманға жол тартты.....19

МИР ПРОЗЫ
Зухра БАЯНОВА
Ч.Абдуллаев: «Своими книгами
я помогаю людям поверить в то,
что можно победить зло...».....20

ЖЕКЕ КІТАПХАНА
Ораз ҚАУҒАБАЙ
Кемеңгердің кітапханасы.....22



КӘСІП КЕЛБЕТІ
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ
Дүниежүзі кітапханашыларының
19-шы халықаралық конферен-
циясы: «Қырым – 2012».....30

КӘСІП КЕЛБЕТІ
Шекер САҚЫБАЕВА
Қырымдағы күндерім.....32

БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ
Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА
Послесловие к
«Крыму – 2012».....34

КӘСІП КЕЛБЕТІ
Нұрғайша АСУБЕК
Мәдениет саласы өкілдері
Бакуде бас қосты.....38

КӘСІП КЕЛБЕТІ
Кенже ҚАЛЫҚОВА
Кітапхана ісі және түркілер
тарихын тану.....40

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК
Гүлназия АМАНЖОЛОВА
Кітапханашы кәсібі
шыңдалуы керек.....42

БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ
Каиркен НУРАЛИНОВА
Юбилей старейшей
библиотеки.....46

ІТ-КІТАПХАНАДА
Вадим СТЕПАНОВ
Цифрлы контентті ресми
тарату жүйесіндегі
кітапханалар.....48

ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ
Ғалым АХМЕДОВ
Ақсақ Темір жайындағы
кейбір аңыз әңгімелер.....54


ПЕРСОНА
Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
Работа в радость.....26

СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ
Олжас ШАРИЯЗДАНОВ
Цивилизационное значение
Великого Шелкового пути
на территории Казахстана.....56



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ШЕБЕРХАНАСЫ
Өрісті өнер
елкесіндегі дара-
боз дарындар.....58

МИР ПРОЗЫ
Айжан ОСПАНОВА
Мое место.....61




ЖАҢА КІТАП
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
қорында жаңа кітаптар.....62

ПРИСТАНЬ ПОЭЗИИ
Алина ЖОГУЛОВА
Уверенно шагая каждый раз65



ФОТОРЕПОРТАЖ
НАБ РК глазами читателей.....66



ВСТРЕЧИ в знаменательный день

Ежегодно 24 апреля является для Национальной академической библиотеки Республики Казахстан двойным праздником. Именно этот день стал точкой отсчета истории НАБ РК, когда в 2004 году вышло Постановление Правительства РК № 461. Дата глубоко символична в судьбе нашей библиотеки. Ведь также 24 апреля мир отмечает День книги и авторского права.


В этот день НАБ РК, как и положено имениннице, встречает гостей. Стали традицией Дни открытых дверей под названием «Кітапхана ғасырларды жалғайды...», в рамках которых проходят семинары, круглые столы, выставки, лекции и т.д. И год нынешний не стал исключением.

Встретиться с коллегами, поделиться свежими идеями, новостями приехали библиотекари из Акмо-

линской, Карагандинской, Павлодарской, Костанайской и Жамбылской областей, Централизованной библиотечной системы Астаны, региональных филиалов Назарбаев Интеллектуальной школы, а также библиотекари столичных школ, колледжей, вузов. Для отечественных библиотекарей была организована встреча со специально приглашенными гостями из Америки. Это специалист по электронным ресурсам Университета Иллинойса в Урбана-Шампэйн Джесси Эмануэл, ассоциированный библиотекарь службы обслуживания Университета штата Айдахо Джим Телиха и специалист по информационной грамотности Университета Питтсбурга Робин Кэйр. С их участием были организованы «круглые столы» «Западные тенденции в библиотечном управлении электронными ресурсами», «Нововведения для библиотекарей информационно-библиографической службы», «Современный подход к эффективному преподаванию информационной грамотности».

В фойе были развёрнуты книжные выставки «Кербұғы секілді қазақтың кербезі», посвященная творчеству известного писателя Оралхана Бокея, чьи произведения были выбраны в этом году в рамках акции «Одна страна – одна книга»; «Кітапхана өміріндегі жаңалықтар», подготовленная Центром развития библиотек НАБ РК и содержащая издания библиотеки за последние годы, программы курсов по повышению квалификации библиотекарей и другие материалы.

На пленарном заседании собравшихся поприветствовал председатель Комитета по культуре МКИ РК Тлеугали Кышқашбаев и отметил, что библиотеки остаются воротами в мир информации, и сегодня качественные услуги может оказывать только образованный,



компетентный библиотекарь. Поэтому вопрос повышения квалификации специалистов является актуальным для каждой библиотеки. С проектами, планами НАБ РК ознакомил коллег генеральный директор Жанна Шаймуханбетова. Выделив значение крупных библиотек Казахстана как центров обучения будущих специалистов, директор Информационно-библиотечного центра Казахского государственного университета искусств, президент Библиотечной ассоциации РК Роза Бердигалиева сообщила об открытии библиотечного факультета в КазНУИ, выделении грантов на обучение.

Далее работу заседания продолжили заместитель директора по работе с детьми ЦБС г. Астаны Гульмира Абулгазина, американские коллеги, библиотекари НАБРК.

В этом году наряду со старшими коллегами перед гостями выступили и молодые библиотекари НАБ РК. Они продемонстрировали не только свой профессионализм, организовав «круглый стол» «Библиотека глазами молодых», но и творческие таланты и способности, показав инсценировку «Библиотека будущего».

Несколько месяцев назад, приурочив к Международному Дню книги и авторского права, специалисты Службы связи с общественностью объявили конкурс среди читателей на «Лучшую статью о Национальной академической библиотеке РК» и лучшую фотографию «Я и PR в НАБ РК». Победители были отмечены благодарственными письмами и награждены призами. Это студентки ЕНУ им.Л.Н.Гумилёва Айжан Оспанова и Назерке Абикеева, ученица 10 класса Назарбаев Интеллектуальной школы Абира Куандык в конкурсе на лучшую статью и в фотоконкурсе симпатию жюри завоевали фотографии астанчанина Азамата Бурханова, ученика 2 класса Назарбаев Интеллектуальной школы Мираса Кыдырма и учащихся школы-лицея № 66.

С их работами вы можете ознакомиться на страницах нашего журнала в рубриках «Мир прозы» и «Фоторепортаж».



Гулжанат
ЖУБАНИЯЗОВА


Оралхан Бөкей. «Кербұғы» және казак санасы

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы

25 сәуірде Ұлттық академиялық кітапханада дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» акциясының кезекті мәжілісі өтті. Биылғы мандау казактын біртуар жазушысы Оралхан Бөкейге түсті. Бұл мәдени іс-шара — күллі республикамыз бірлесе окитын Оралхан оқуларынын басы.

Тұсаукесер жиынды белгілі сыншы Аманкелді Кеңшілік жүргізіп отырды. – Оқырман қауымды кітапқа қайта бұрудың жақсы жолы табылды. Қанша авторлардың осы акция

арқылы асыл мұралары таңдалып, ел-жұртына қайыра насихатталып жатыр. Комиссияның құрамында белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар бар. Оралхан Бөкей — ешқандай марапатқа сыймайтын жазушы. 1980 жылдары әдебиетте жастарға ерекше ықпалы тиген екі тұлға: Мұқағали мен Оралхан. Оның шығармаларындағы нәзіктік пен лиризм оқырманына ерекше әсер етеді. Оның еңбегін даңқпен ғана өлшеу мүмкін емес. Оралхан Бөкейдің шығармаларын отыз жыл бұрын қалай оқысам, қайта оқығанда солай әсер етті. Бұл оның өміршеңдігін танытпай ма! Борхес: «Әдебиетте бүгін, кеше деген ұғымдар жоқ. Әдебиетте мәңгілік деген ұғым бар»,– дейді. Оралхан —



шынында бақытты жазушы. Адамзат қоғамы ауыр ғасырларда тығырыққа тірелгенде, әлемдік әдебиетте адамгершілікті ерен сүйіп іздеген жазушылардың орны ерекше, – деп кіріспе сөзді Аманкелді айтты.

Ол әлем әдебиетіндегі мықты жазушыларды шолу жасап, әлеуметтік тұрғыдан дараланғандарын тізімдеп өтті. Сондай-ақ, сыншы дағдылы дәстүрмен қазақ әдебиетіндегі мықты жазушыларды айрықша бөлектей атап өтті:

– Әбіш Кекілбаевтың сөзімен айтсақ, XX ғасырдың Оралхан Бөкей үлкен суреткері, сүбелі жазушы. Қазақ әдебиетіне 1960 жылдары келген буын идеологиядан ада, оған шырмалмаған дүниелер келе бастады.



Біздің әдебиетіміз қайғылы жағдайда, үлкен үрейде жасалды. Әдебиетке бір үлкен лек келді. Сол кезде әдебиетімізде қозғалыс басталды. Прозада үлкен өзгеріс болды. Олардың қандай тұлғалар екенін бәріміз білеміз.

Сөз қазақтың дүйім ел мойындаған ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсыноваға берілді:

– Қымбатты бауырлар! Соңғы жылдары біздің Ұлттық академиялық кітапхананың күшімен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Бір ел – бір кітап» акциясы өтуде. Адамзат ақыл-ойының жетілуінің жемісі – бұл өркениет қой. Өркениеттің өркендеп дамуына әкелгені адамды табиғаттың берген, Жаратушының берген керемет қасиеттерінен ажыратып бара жатқан сияқты. Бұл өзімнің пікірім, еш жерден оқыған жоқпын. Адамдар техниканың құлына айналып бара жатқан сияқты. Себебі жалаңаяқ жүрмейді, жаяу жүру қалды. Осылардың бәрі адамды жердің махаббатынан, жылуынан айырып бара жатқан сияқты. Осыдан 20—30 жыл бұрын адамдардың кітап оқуға деген құштарлығы керемет болатын, қазір сол саябыр тартты, өйткені адам өзінің негізінен жеріп барады. Жасандылық молайды. Кітап оқымау – өлемдік процесс. Халықтың қолдауымен бұл акцияға таза шынайы әдеби шығарма таңдалады. Біраз аймақтарда жастар мен үлкендердің арасында бұл акция жақсы нәтиже берген сияқты. Биыл өмірден ерте өткен Оралхан бауырымыздың кітаптарын ұсындық. «Қайдасың, қасқа құлыным» атты жинағына енген шығармалары. Аманкелді жаңа әдеби үрдістерді жақсы айтып кетті. Орыстар 19 ғасыр орыс әдебиетінің алтын ғасыры дейді, солар айтпақшы, 1960 жылдар қазақ әдебиетінің алтын өріптерімен жазылатын жылдары болуы керек деп ойлаймын. Аманкелді 60-шы жылдардың әдеби толқыны туралы әдемі айтып кетті. Тұ-



манбай, Қадыр, Қалихан, Сайындармен үзеңгілес келген Әбіш, Мұқағали, Төлегендерге жалғас Тынымбай Нұрмағамбетов, Оралхан, Кеңшілік, Жұмекең, Жұматай сияқты қай кезде де болсын оқылатын ақын-жазушылар келді.

Оралханның өз биігі бар. Қатын-Қарағайдағы Бүркіт шыңының басынан құлап ағатын керемет сарқырамадай төгіліп жатқан Оралханның керемет тіл байлығы. Сосын хал-қымыздың бейнетті тірлігі, өміріндегі трагедия, табиғат пенен адамдардың арасындағы байланыс оның шығармаларында керемет өрнектелген. Жазушының қандай шығармалары болсын, үлкен романы немесе әңгіме, повестерінде сондай адамшылықты ұлықтайтын шынайы ізгілік бар. Лев Толстойды Ленин «Орыс революциясының айнасы» деп атамаушы ма еді. Сол айтпақшы, Оралханның шығармалары өзі өмір сүрген кездегі қазақ өмірінің айнасы. Бұлар біздің халқымызға кітап оқуға құлшыныс беретін шығармалар ғой деп ойлаймын.

Қазір қазақтың тілі құрып бара жатыр. Баяғы кезде қазақтың кемпір-шалдары бір мақалмен ойдың негізгі өзегін беріп, пәлсапамен түйіп сөйлейтін. Енді мақалмен сөйлейтін

бір адамды көрмейсің. Әдебиеттің уақыты мәңгілік деген сөз менің көкейіме қонады. Оралхан — халқымен бірге жасайтын жазушы.

Осыдан соң Оралхан ағаның бейнетаспаға жазылып алынған сәті көрерменге ұсынылды. Қырықтың ар жақ, бер жағындағы кемеліне жеткен нағыз ерге тән маңғаз тұлғасы, сырбаз қалпы, кірпияздығы мен жан тазалығын аңдататын мейірбан жарқын жүзі, қолын сермей сөйлеген кейпі, кең маңдайы, қыр мұрны, толқынды шаштары жазушының ыстық жүректің иесі, туған халқының адал сүт емген арда ұлы екенін жазбай танытары жиылған жұртшылықтың көзіне оттай басылды. Оралханға деген сағынышты бір қозғап кеткендей әсер етті. Қазақ осындай ерлерінің қысқа ғұмырына өзегін өкініш буса, ажалға шарасы жоқ, сондықтан өзін «Құдайға да хас жақсы керек» деп жұбатады.

– Оралхан ағамыз 20 жыл бұрын «Қазақ әдебиетінде» бас редактор болып жұмыс істегенде ел астанасын Ақмолаға көшіру туралы ең алғашқы көтергеннің бірі болатын, ол бізге жазушының қиялы болып көрінген. Бүгін сол армандай көрінген ару қала Астанамыздың төрінде отырмыз, – деп әңгімені өрбітті жүргізуші.

Қазақстан кітапханалары ассоциациясының президенті Роза Бердіғалиева:

– Бүгінгі үлкен мәдени шара есімізде қаларлықтай өтуде. Бетке ұстар адамдар келіп отыр. Бұл адамдардың сөздерін тыңдаған адамдар бақытты деп санаймын. Әр акцияның жалғасын күтіп отырамын, жолы болсын деймін, оның күшейіп келе жатқанына қуанамын, әрқайсыңызды қатысуға шақырамын.

– Оралхан философ. Барлық шығармаларының үлкен идеясы айқын, – деп жүргізуші сөз жүйесін өрбітті.

Сөз академик, сенатор Ғарифолла Есімге тиді:

– Жаратушымыз адам баласына дүние көркін тану үшін төрт мүмкіндік берілген. Оралханның «Кербұғысын» қайта оқыдым. Көртайып, күші кетіп қалған Кербұғы ғой. Жас маралдарға қарайды, бірақ дәурені бастан озған. Оның астарында неше түрлі нәрсе жатыр. Кербұғының философиясын жазуға ниетім оянды. Оралхан одан үлкен символ жасаған. Жаныма жақын нәрсе екен. Шыңғыс Айтматовтың «Тау құлағанда» атты романында барыстың жағдайы да осы кербұғы сияқты. Кейін көртайғанда Шыңғыс та сондай бір әңгімелер бастаған ғой.

Оралханнан мен ертеде аңғарған нәрсем, анау «Қар қызында», басқа дүниелерінде, жазушылық қасиетінде тылсымдық жағдайға келгенде Оралхан сондай дүлділ. Сөздері өлеңдей лықси ағылып-төгіліп, қайнар бұлақтың көзіндей шығып жатады. Мистикалық, мифтік сана. Мистика деген жаман емес. Оралхан – социализмді жанымен қабылдамаған адам. Ол социализмге келгенде шорқақтайды.

Оралхан неге феномен болып шыға келді? Ол социализмнен халық шаршаған кезде, одан жалыққан, ел әлденені іздеді, өзге нәрсені аңсаған кезде Оралхан пайда болды, жарқ ете қалды. Музыкада солай болды. Тракторшы қыздардан жалыққанда Шәмші шыға келген сияқты, вальс, жаңа леп. Ешқандай саясатсыз, идеологиясыз, идеясыз, теориясыз, мәжбүрлеусіз, адам бойындағы бір асыл қасиеттер шықты.

Мистика деген ол адамның дүниетанымымен байланысты сана. Қазіргі кезде ол ең зәру жазушы екенін анықтап, біз оны «Бір ел – бір кітапқа» таңдап алдық. «Кербұғыда» мынадай ғажайып сөз бар: «Қайда жекпе-жек болса, сонда әділдік бар». Сол жекпе-жекте Оралхан болды, ол жеңді. Сол жекпе-жектің жемісі бүгінгі – Тәуелсіздік.



Бұл бір жарыс сөз түріндегі әдебиет талдау тәрізді жиын болғаны рас. Расында қатысушы оқымысты қауымның жүректерінен шығып жатқан бұл пікірлері Оралхантану үшін экспромптты, табиғи реценция тәрізді екені рас.

Айтулы ғалым, алаштанушы, жазушы Тұрсын Жұртбай былай деді:

– Өзі көркем шығарманы қабылдау, оның әсері туралы пайымдаулар жалпы заңдылыққа қарағанда ыңғайлы. Сананың дауасы ой, сол ойды жетектеген де кітап. Көңілге қонатын, қонбайтын ем болады. Ал кітаптың емі – ол сананың емі. Демек, жазушы қолына қалам алғанда осыны ойлану керек. Ол ойды бұзатын адам ба, түзейтін адам ба? Ойды тұйыққа тірейтін адам ба, тұйықтан шығаратын адам ба? Кітаптың елі – ол сананың елі. 1961 жылы Мұхтар Әуезов: «Біз кіміз, жазушылар?» деген сұрақ қойды, бірақ ол тереңдетіп дамымады. «Мен кімін?» деп меніңше, жазушы ретінде өзіне-өзі сұрақ қойған Оралхан болды. Оралхан адамның ойын тұйыққа да әкеп тірегенмен, сол тұйықтан шығудың жолын көрсеткендей, ойын көркем сөзбен көңілін жұбатты, әлдиледі. Сонымен әлдеқандай сарындарға емеурін тастап отырды ғой деп ойлаймын. Ең алғашқы әңгімесінің бірі, «Са-



ратанның жаңбыры», күңіреніп, толғанып кеп: «Терісаққан Есілге құяды, Есіл қайда құяды?» деп әңгімені аяқтайды. Осындағы Терісаққан өзен, әңгіменің тұспалында ол заманның беті, ал Есілің көдімігі ел. Бұл 1969 жылы жазылған әңгіме болса да, ел жер деп күңіреніп, толғанып келеді. Оралханның айтайын деп отырғаны, теріс аққан заман. Әңгіменің ығына қарайсың ғой. Теріс аққан ел қайда барасың? – деген сөз. Жазушының міндеті тура ақыл айту емес, ол түйсікте қалған екінші паралельдік, жарыспалы ойында жатыр ғой деп ойлаймын. Мен бұл сөзді 1970 жылы 5 қарашада, «Қамшыгер» шыққан күні тұсаукесер жасағанда студенттердің алдында айттым. Оралхан маған «Сен қалай түсініп қойдың?» деді.

Соның ретімен «Есілім, Есілім. / Теріс аққан Есілім./ Есіліп ағасың. / Есіліп барасың » деп өлең жазғаным бар. Тұңғыш жинағымның редакторы, марқұм Жүсіп Қыдыров бұл келмейді, мұны түсініп қояды деді, осы өлеңді зәңгілердің еліндегі, Африкадағы Лимпопо деген өзен бар екен. «Лимпопо, қайда ағып барасың?» деп өзгерткен еді. Бірақ ол да дегеніне жетіп жатқан сөз.

Санаңды жарыспалы оймен жетелейтін сөз иесі Оралхан марқұм еді.

Аржағында сезімді жетелеп отырады. Оның алғашқы шығармасында басталатын осындай леппен басталатын емеурін кейін «Шайтан көпір», «Айқай», «Атау кере», өз арамызда «Арамза» аталып кеткен повестерінде емеурінге қоса, сарказмға, ызалы кекесіндерге толы болды. «Айқай», неге айқай? «Жасасын!», «Алға!», «Алға!» деп айқайлайтын ұраншыл заман. Жас кезіндегідей емес, Оралхан кесек тартып, ащылана бастағанын танытады. «Атау кере» шаталар туралы болатын. «Жұлдыз» журналына басыларда қасымнан кетпей қойды. Мен онда проза бөлімінің меңгерушісі болатынмын. 5-6 сағатта оқып бітірдім. Қолымды қойып қойғанмын. Кейіпкері орыстың кемпірі

өледі ғой, өлген кезде маған шоқыну керек сияқты көрінді. Ол қазақтың дінін қабылдаған сияқты болып жүретін, кемпір шоқынбады. «Бір өтінішім бар. Жастығының астынан крест шығара салыңызшы. Әйтеуір, шата болса, түбіне дейін шата болсын» дедім. Оралхан повестің соңына 2-3 сөйлем қосты.

Қазіргі заманда компьютерден, санамыз, миымыз қызып кеткенде, Оралханды оқып, Сарыарқаның самалын сезінгендей боламыз.

Ендігі сөзді Әшірбек Сығай, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, театр сыншысы алды:

– Оралхан ағамыз бізден 3-4-ақ жас үлкен болды. Қатар, соңынан ердік, қасында жүріп, жігіттік, бозбалалық, барлық қасиеттерін көрдік. Сағат Әшімбаев, Кеңшілік Мырзабеков, барлығымыз қатарласпыз ғой. Оралхан ортамыздаң, төкаппар қалпымен, шашын сілкіп тастап, сәнді киінеді, әдемі жүріс, бір ғажап, өзі ақынжанды, сөйлесе сөз бермейді, шешен, кейде көсем де болып кетеді, талай қыран күлкілерді бастан көшірдік. Оралханды айтқанда тағы бір екі жігіт есіме келеді, бүгінде ата жасына жетті ғой, Мұқағали мен Әнуар Молдабеков. Актер, Қазақстанның халық артисі, «Қыз Жібектегі» Шегені ойнайды. Олдағы өрт, өртке тиген дауылдай еді. Барлығы 45, 47, 49 жастарында кетті ғой.

Оралхан өзінің характерлеріне ұқсайтын, бәрін айтпайын, «Қайдасың, қасқақұлыным», осындағы Бозтайлақ. Бұл – Оралханның өзі. Не рамқаға сыймайды, не айналымға сыймайды, не көкке, не жерге сыймайды. Анау ипподромдағы айналып шабатын ат, бұл деген мінез. Жаңа Ғарифолла айтқан, бізді белгілі бір маршрутқа байлап тастады ғой. Шығарманың аяғын белгілі сөздермен бітіру керек, белгілі сөздермен бастау керек. Соның өзінде замана талабын орындамауға тырысқан шын мәнінде Оралхан болды. Айналымды бұзып-жарып, шеңберден шыға шапқан тұлпардың образын жасаған, сол тұлпардың

иесінің мінезін жасаған менің аға досым Оралхан болатын. Бозтайлақ құрбандыққа шалынды. Ол енді біздің талай азаматтар құрбандыққа шалынып кеткен жоқ па. Қара жандар қанжарын сілтеп жүріп, оларды опат етті. Етке өткізді барлығын. 44 жасында қынадай қырылған анау 1937 жылғы ағаларды еске алыңыз, егер олар тірі болғанда, қазіргі қазақ әдебиетінің халі қай деңгейде болар еді?! Бәлкім, Оралханға кезек те тимейтіні, біздерге мүлдем тимеуі мүмкін еді.

Оралханның мінезі қазақ әдебиетіндегі көрбұғы. Бұл өзі салтанатымен, төкаппарлығымен, сәнімен, кісілігімен және балаша бір мінездері болатын, табан астынан күлетін.

Оралхан әуелі актерлікке, консерваторияның театр факультетіне түскен. Оқып жүріп, төбелесіп, 2 курста шығып кетті. Шығып кеткені жақсы бопты. Дарынсыз актерлердің қатарында жүргенше, классик жазушы болып кеткені артық. Қандай актер болатын еді, ол белгісіз. Қутындағанның бәрі жақсы актер болмайды, ол да тылсымда жатқан дүние.

Драматургия – әдеби жанр. Оралханның ерекшелігі қазақ драматургиясының метафора, символика, аллегория, осы түсініктерді, екінші план, үшінші план, бесінші планға шейін жұмыс істейтін оның қаһармандары. Оралханның шығармалары – ол әлі ашылмаған құлып. Драматургияны әйтеуір, «Тисе терекке, тимесе бұтаққа», көп жігіттер түсінбей жазады. Мүлдем. Анадан қарайды, мынадан қарайды, Әуезовті, Мүсіреповті қарайды, басқа жанрды жетістіргендей, жазбай несі бар деп драматургияға қисая кетіп жүрген жігіттер көп. Бірақ неге мандымайды, мардымсыз, үндері шықпайды? Қазір саусақпен санарлық драматургтер. Ал Оралхан еңсере келді және қазақ жұртшылығын елеңдетіп, бір ерекше жаңалықтармен келді. «Құлыным менің» 1974 жылы, 31 жасында сахнаға шықты. Орталық комитеттің хатшыларынан бастап, барлығы осы дүрбі

салып қарады. Осы пәледен бірде-не шығады деген сияқты, астарына, айтайын деген ойына; ал оны жеткізіп жүрген өзіміздің ағалар болды. Ана бала не деп тайраңдап жүр? Шортимен жүрген деген не нәрсе, өңшең жын-ойнақ, ылғи жігіттерді, қыздарды шығарып, түнде жүрген деген не нәрсе? Өйткені мен соның арасында жүрдім. Сол жылы марқұм Мүсілім Базарбаев мені театр бөлімінің бастығы етіп алған. Оралханның жылаған көз жасына куә болдым, қойған Қадыр Жетпісбаевтың, жылатты, қоғам сондай еді. Ал бірақ ерегескендей, Оралханнан басқа жігіт тастап кетер еді, ол тастаған жоқ. Іле-шала «Текетіресті», «Қар қызын», «Атау керені», «Зымырайды поездарды» жазды. Оның пьесаларын әлі талдау керек. Оралхан әлі ашылмаған драмашы, зерттелген жоқ, зерттелуі тиіс. Ол болашақтың ісі, менің осында шәкірттерім отыр, театртанушы, әлі көп нәрсенің бетін ашады. Оның астарлай, орағыта беруі, замана рухына байланысты қалай айтуды әккі болып қалған Орекең жас болса да, қалай айтуды меңгерген автор еді. Сондықтан драматург Оралхан Бөкей қазақ драматургиясының жарық жұлдызы деп айтуға толық негіз бар. Ол өзінің табиғи мінезімен, ішкі мәдениетімен, сыпайы, сыршылдығымен келе жатқан ұрпақтарға тіл қата береді деп есептеймін.

Кейінгі буыннан сөз жазушы Айгүл Кемелбаеваға берілді.

– Мен 1984 жылы КазГУ-дың журналістік факультетіне оқуға түстім. Курстағы студенттердің ең сүйікті, ауыздарының суы құрып таласа оқитын жазушысы Оралхан Бөкей болатын. Құлттық жазушы деген ұғым бар. Қатарлас басқа жазушылардан шоқтығы биік тұрған, жиі оқылатын жазушыны атайды. Мен мектепте қазақ жазушыларын тегіс оқығанмен, бұл шақта ықыласым тұтасымен орыс пен шетел әдебиетіне ауып тұрған еді. Самарқау қалдым десем болады. Кейіннен дөм

тартып, Москваның әйгілі М.Горький атындағы Әдебиет институтына оқуға түстім. 5 курс бойы кілең орыс және батыс әдебиетін ежіктей оқыдық. Елге оралған соң ұзамай қазақ ақын-жазушыларын әлемдік контексте қайта аштым. Соның басында Абай, Мұхтар, Мағжан мен Ілияс тұрды. Бұл расымен керемет құбылыс екен. Біздің марқасқаларымыз әлемдік әдебиет деген ұғымнан еш қалыс қалмайды екен! Оралхан Бөкейді жадымда қайта жаңғыртып оқысам, әлемдік әдебиеттен қарыздану, идея, ой алу әсері мүлдем жоқ, тың жазушы екен. Расымды айтсам, жазушының сонылығына өз басым ерекше мән беремін. Әдебиетте бір шығарманың негізінде шығарма жазуды орыстар «вторичность» дейді. Сондай жазушыларды өз басым аса қабылдай бермеймін. Абай «Самородный сары алтын» деп айтады ғой, Оралхан аға маған солай көрінді. Бізде орыс классиктері, шетелден Мопассан, Моэм, Бальзак, т.б. ірі тұлғалардан сюжет, идея, ой қарызданып, өңін айналдырып, қазақы шекпен кигізіп жазатын жазушылар бар. Кейде олары тым тартымды шығады. Бірақ, әдебиетте бөгдеге тән негізін алмау – «оригинал» – ешкімді қайталамау бір бақ. Мен Оралхан Бөкейдің бір ғана «Ардағына» эссе арнадым, өңгімелерін таңдадым. Романтикасы, дүниетанымы, адамшылық қағидалары мен қазақтың қалыбы жаныма ерекше жақын жазушы деп Оралханды танымын. Ол кезде есілдертім батыс әдебиеті болғандықтан еліктедім демеймін, бірақ Оралхан ағамен дүниетанымдық үйлесім бірдейлігі қазір мені таң қалдырады! Жаныма тым рухы жақын жазушы екен. Қазақтың мынау деген кейбір мықты жазушыларын дәл солай жаныма жақын деп тағы айта алмас едім. Бұл орайда Оралханды даралайтыным рас. Кейін уақыты келгенде ол ысырылып қалмайды. Сондай-ақ, ертеректе өмір сүріп, қазір жаңғырылуды күтіп жатқан жазушылар бар. Тобық

Жармағамбетов тәрізді. Ол кісілердің уақыты келеді.

Сөз ақын қыздарымыздың бірі, поэма жанрында көрініп жүрген Маржан Ершуге тиді.

– Бүгінгі шара тарихи, мәдени шара деп ойлаймын. «Өз отыңды өшірме» атты романын оқып отырып, мен біраз сөздерді жазып алғамын: «Адам уақыттан қартаймайды, адам оқиғадан қартайды» дейді. Оралханның кейіпкері айтады, қан өлмейді, жанған отты сөндірмейтін қан ғой дейді. Жазушының философиясы тереңіне тартады. Расымды айтсам, «Өз отыңды өшірме» атты романына зерттеу арнау көкейімде тұр, – деді Маржан.

Ғалымдардан Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры, әдебиеттанушы ғалым Әсима Ишанова сөз алды:

– Оралхан – осы заманғы қазақ классигі. Мен оның шығармашылығын МГУ-де кандидаттық қорғағанда зерттедім. Жұмыс жанрға, притчаға қызметіне арналған. «Простор» журналына шыққан тырнақалды еңбегім Оралхан Бөкейге арналған еді, «Обрести силу духа» деп аталатын. Мен 30 жасар МГУ-дың аспиранты едім, журнал жариялай қояр деп ойладым. Қанат біткендей болдым. Оны М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқитын жерлестерім әкеп берді. Оралхан ағайдың өз қолымен жазылған қолтаңбасы бар нөмірді Москваға, маған әкеп бергенде қатты қуандым. «Әсима! Айналайын, мен туралы жақсы пікір жазғаның үшін емес, мені түсінгенің үшін үлкен рахмет! Ағаң Оралхан. 20.X. 83.P.S. Москвада бола қалсам, кездесейік» деп қолын қойыпты. Мұны қастерлі дүние ретінде сақтап жүрмін. Қазіргі қазақ әдебиетін ол кезде басқалар онша біле бермейтін. 1980 жылдары Оралхан Бөкейдің есімі Москвада жақсы таныс болатын, оны сүйіп аударды.

Оралхан – халықтың қалың ортасынан шықты, ұлттық жазушы. Ол –

„Біртуар“

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

көп ретте алғашқы ашушы болды. Первооткрыватель. Ақтан – «Бұғы адамда» керемет тұңғық образ. Оралхан қазақ әдебиетінің ізгі дәстүрлерінен жалғайды. Виктор Ерофеев «Поминки по советской литературе» атты мақаласында орыс әдебиетіндегі деревня өмірін жазушылардың ерекшелігін жазды. Оралхан бізді өз тегімізге, түп-тұқиян тамырымызға, ұлтымызға оралтады. Жүсіпбек, Мағжанды жалғайды.

Әсима Ишанова жазушының көп шығармаларын талдап сөйледі.

Жас ақын Бауыржан Қарағызұлы «Біртуар» атты Оралхан ағамызға арналған өлеңін оқыды.

Гибраты мол бұл басқосу салтанатын тәуелсіздік тақырыбы қорытындылады.

Астананы Ақмолаға көшіру туралы бірінші идеяны баспасөз бетінде Оралхан Бөкей көтерді. Сол туралы көрнекі құралдар жиылған қауымның назарына ұсынылды.

Осы ҰАК-ның бас директорының орынбасары Ғалия Бөкейқызы, жазушының қарындасы жұртшылыққа алғысын айтты.

– Мен де журнал шығарып жатырмын. Ол да ағамның үйреткені болды. Біздің үйде телефон болды. Сөйте тұра ағам маған хат жазғызады. Хат жазғызу арқылы мені тәрбиеледі ғой деп ойлаймын. Маған үнемі тапсырма беріп, бағыттап отыратын ағам. Аталар мен апалар сөйлесіп отырғанда, пештің бұрышында тыңдап отыр, небір әңгімелерді айтады. Небір мақалдар бар, соны жазып отыр дейді. Оларды мен кейін шығармаларымда пайдаланамын, – дейді. Ауылда болған қызық оқиғаларды жазып жүр, есінде сақтай алмай қаласың дейді. Ағам кейіпкер тауып беріп отырғанды мен байқамай қалыппын. Сіздерге көп-көп рахмет!

Әдебиеттің есте қаларлық шұрайлы әңгімесі айтылды деуге әбден болады.

Ақ бас Алтайдың ақ бұрқақ Ақыны –
Кербұғы секілді Қазақтың кербезі!
Оғлан Ойлары тұңғық төбіреніп,
Арудай Сезімі тәкаппар өміреніп,
Өзендей буырқанып тасыған арнасы;
Бұрынғы Әулие,
Кешегі Жыраулар жалғасы –
Сұңқардай шүйіліп,
Лашындай түйіліп,
Тұйғындай толғанғаң;
Тілегі Алашқа,
Жүрегі Алтайға айналған,
Қаламы ғарышпен сүйісіп,
Кіндігі Еліне байланған –
Оралхан!

Шоқпардай маңдайдан шексіздік шашырап,
Болмысы жаралған бір тентек Арманнан.
Тылсымнан тылсымға тылсым боп жалғанған —
Көкірек көзінен аққудай ақиқат сұңқылдап,
Еркіндік қырандай қомданған!

Әттең – ай!
Дүния – ай, не деген шолақсың?!

Найзағай отындай жарқ етіп Бес Күннен,
Жаң, Аға, о, неге тым ерте көштің сен?!
Сендегі әр Сөзде – Қос Әлем шалықтап,
Құдайдың «дауысы» құпия естілген!

Жанардан сорғалап жалғанға жаңбыр – мұң,
Өкіндік өртеніп, өксік жеп опындық.....
Қайтәйік,
сүп-суық сызығы сызылса Тағдырдың...
Жаң, Аға!
Өлімнен қорқатын мынау бір әлемге,
Өлмейтін Сөзіңді қалдырдың!

Ал, қазір біздің Жақ –
Биліктің қан – жынын ұртына тыққылап,
Қалғанын, мұртымен сұрткілеп жарысқан,
Ар өліп, тұншығып ұяттар,
сатқындар сатқынмен табысқан.
Сен айтқан: «Сейітқұлдар»* — «құрметті әкімдер»,
Сен айтқан: «Анаулар»* — «атақты данышпан».

Ақылын қорлаған, иманын таптаған,
Атасын, күшігін, айғырын мақтаған.
Не деген кө-ө-өп еді жазушы-сымақтар,
Шыбындай қаптаған!

Біздің Жақ осындай;
Ішімнен жылаймын, ызамен күлемін,
Сен айтқан: «Бархандай»* Ған құсып жүрегім,
Сен айтқан: «Ақтандай»* ашынып жүремін.
Жаң, Аға!
Біздің Жақ мөз-мейрам рухани тұралап,
Жанымды кім келіп жұбатар?!
Хәлімді қай адам сұрамақ?!
Қайтадан оралшы біздерге, Оралхан,
ҰЯТТЫҢ отына өртенсін мына Жақ!!!

«Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек!»

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

Аналар алғысын арқалаған *ардақты академик*


Биыл ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы қазақ ақын-жазушыларының мерейтойларына арнап «Бес тағдыр – бес кеш» тақырыбымен жаңа жобаны жүзеге асыра бастады.

Жобаның мақсаты – қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы жайлы оқырмандар білімін кеңейту, жастардың әдебиетке деген ынта-ықыласын ояту әрі ескелең ұрпақтың рухани жетілуіне жол ашу.

Сәуір айының аяғында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында жазушы, қоғам қайраткері, Қаз КСР Ғылым академиясының академигі Ғабит Мүсіреповтің 110 жасқа толған торқалы тойына байланысты «Кемеңгер қаламның құдіреті» тақырыбымен әдеби кеш өтті.

«... – Адам – азамат атанса, әйел – ана атанса, адам баласы біріне бірі жолдас атанса, ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма?»

– Бақыт дүниесі келе жатқанда, ең соңғы бақытсыз мен болмақпын ба? Көргім келеді



сол дүниені. Мәніне кез жеткен соң, сәнін келтіретін біз болармыз! – дейді қуанышты ана. Бұл сөздер ана аузынан дұғадай естіледі».

(«Ананың арашасы»)

Қазақ прозасы тарихында Ананың типтік бейнесін «Ұлпан» арқылы сомдап, әйел, ана, арулар тағдырын тебірене толғаған талантты жазушы «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» сынды шығармаларындағы ұлы жүрек иелерінің өмір мектебіндегі



өжеттік, өрлік мінездерін де өте шебер өрнектеді.

Анығында да аналарымыз – адамзаттың асылы, айбарлы батыры, алайда нәзік, соған қарай қайратты. Мұны «...Ананың арашасы» әңгімесіндегі бас кейіпкер образымен айғақтасақ: «Кешегі күнге дейін өздеріңдей көп көнбістінің бірі көрінетін Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар. Ол – көп тілеген, ұзақ күткен, енді міне, орнағалы келе жатқан үміт толқыны еді...».

Қысқасы, қаламгер қазаққа алғаш рет ананың ұлттық бейнесін қалыптастырды.

Автордың ақылгөй аналарды арқау еткен шоқтығы биік шығармаларынан соңғы сом туындысы – «Қазақ солдатты».

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным, қашып келемін. Артыма қарай беретінім, қорқып келемін... Академик-жазушы Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдатты» романының экспозициясын, сюжеттік байланыстарын өзіне ғана тән көркемдік тәсілмен келісті кескіндей келе, Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгердің жау тылындағы ерлігін бояма-

ана тілін ардақтаған рухты үнін қағазға құлпырта қаттапты: «Біз-дегі ең үлкен трагедия – басшыларымыз әдебиетімізді ана тілінде оқи алмайды. Орысша оқиды, орысшасы арқылы бағалайды». Сол тіл трагедиясы ұлт мәдениетінің мәртебесіне қауіп төндіретінін былайша ескертті: «Кімде кім қазіргі уақытта ана тілін өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды».

Сонымен, мерекелік кешке жиналғандар сұңғыла суреткердің сабақты істерінен естеліктер айтып, қаламгердің көркем әдеби тіл мәселелерін зерттеудегі елеулі еңбегі, драматургиясы, жазу шеберлігі жайлы ой толғады.

Сондай-ақ көпшіліктің назарына жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған фильм мен «Дәуірмен үндес ғұлама» атты кітап көрмесі ұсынылды. Көрме «Зерделі сөздің зергері», «Халықтың мәңгілік мәселесі», «Таусылмас тағылым иесі» тәрізді үш бөлімнен тұрады. Мұнда Ғабит Мүсіреповтің әйгілі «Қазақ солдатты», «Оянған өлке», «Ұлпан» романдары мен әңгіме повестері, сын мақалалары, опера либреттосы, киносценарийлері қойылған. Оқырмандар көрме сөрелерінен қайраткер тұлға туралы кітаптармен, мақалалармен, энциклопедиялармен де танысуға мүмкіндік алды.

сыз бейнеледі. Негізгі идея – Қайроштың қаһармандық келбетін ашып көрсету. Ол жөнінде жазушының өзі былай дейді: «Менің түпкі мақсатым – халқымыздың Ұлы Отан соғысына жаппай қатысуын көрсету болатын, романның аты осы ойдан өрбіді. Қол бастаған Бауыржан, Мәлік сынды зиялы азаматтарымыз болғанымен, олар санаулы еді. Ал Қайрош тәрізділер есепсіз көп болатын. Қайроштың романға кейіпкер болып шығуының түпкі себебі де осында».

Қазақ халқының арғы тарихын терең зерттеген заңғар жазушы тіл мәселесін де өткір көтеріп,



Айсұлу
СЕЙІЛОВА



«АБАЙМЕН АНА ТІЛІНДЕ ТІЛДЕСЕ АЛМАҒАНДАР АҚЫННАН АЛЫС ТҰРАДЫ»

«Абай шығармашылығы орыс тіліне тым сәтсіз аударылған, мүлдем қисынсыз. Оны орыс тілінде оқығандар Абайды ақын ретінде де, ағартушы ретінде де, дараданықпан ретінде де, ұлы ойшыл ретінде де толық тани алмайды. Демек, Абаймен ана тілінде тілдесе алмағандар ақыннан алыс тұрады. Тағы да ескертейін, егер мемлекеттік тілді меңгермеген адам хакім Абайды мазалаған өмір заңдылықтарынан мақрұм қалады».

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім сәуір айындағы сындарлы сұхбатында оқырманға осындай ой салды!

Философ-ғалым Ғарифолла Есімнің 65 жасқа толған торқалы тойына байланысты ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Дүниетаным дискурсын ұлт рухымен асқақтатқан даналық иірімдері» тақырыбымен өткен кездесу кешінде кітапхана оқырмандары мен елордалық жастардың сан қырлы сұрағына сенатор егжей-тегжейлі жауап беріп, шығармашылық жоспарлары жайлы сыр ақтарды.

Салтанатты кештің қадірлі қонақтары қатарында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ерболат Мұқаев, Жабал Ерғалиев, Асхат Күзекөв, Ермек Жұмабаев, сондай-ақ жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай сөз алып, ұлтымыздың біртуар перзентіне деген жылы лебіздерін жеткізді.

Сол күнгі тағылымды кештің куәгерлері абайтанушы ғалым Ғарифолла Есімнің ғұмырнамасымен танысып, сенатордың жеке шығармашылығы, қызмет жолы жайлы баяндайтын баспасөз басылымдарынан, зерттеу еңбектерден тұратын көрмені тамашалады. Көрмеге қойылған мазмұн-



бірегей ғалым Ғарифолла Есім өткен жылдың көктемінде Ұлттық академиялық кітапханада «Социализм. Күнә және кінә туралы роман» атты екі бөлімді философиялық прозасын оқырмандарына таныстырып, тарту өткенді.



ды материалдардың басым бөлігі Ұлттық академиялық кітапханасы қорынан алынған.

Қазіргі өркениет дерті, мемлекеттік идеология, қазақтың қайта өрлеуі, адами құндылықтар өлшемі тәрізді проблеманы шешуде құрғақ қиял емес, прагматикалық бағытты басшылыққа алған

Сондай-ақ Ғарифолла Есім – 2007 жылдан ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұжымының бастамасымен дәртүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

Сонымен, сенатордың әсерлі әңгіме-сұхбатынан соң ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Бас директорының орынбасары Ғалия Бөкейқызы ҰҒА академигі Ғарифолла Есімді кітапхана ұжымы атынан ынтымақтастық үшін «Кітапхана Жанашыры» медалімен марапаттады.



Айсұлу СЕЙІЛОВА

АСЫЛ ОЙЛАР – *ару алтайдан!*

Рухани қазынамыздың қатары «Алтай-Ертіс кітапханасы» сериясы бойынша жаңа кітаптармен толықты. Шығыс Қазақстан облысының 20 томдық топтамасы – аталған серияның алғашқы басылымдары.



Бұл серия – «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы шеңберінде Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен атқарылған игі іс әрі Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту. Ең алдымен, шығыстық шоқ туындылар топтамасы Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханасына сыйға ұсынылды.

Әуір айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында тұсауы кесілген «Алтай-Ертіс кітапханасы» жобасы аясындағы жаңа кітаптар – қазақ әдебиеті саласындағы тұңғыш көлемді өңірлік жобаның жемісі. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен дүниеге келген топтаманың алғысөзі «Рухани мұра – оқырман олжасы» атты айдармен ашылған.

20 том, 20 жазушы есімі – жазба мәдениетіміздің мәңгі тұғыры. Жаңа жинаққа ұлы Абайдан бастап, шығыстан шыққан бірқатар қаламгерлердің шығармалары енгізілген.



„Теледидар өнері“

ЖИНАҒЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

«Өмірімнің ең бір қызулы да қызықты шағы теледидарда өтіпті. Алматының Бейбітшілік және Сәтбаев атындағы көшелерінің қиылысындағы биік темір мұнараның түбіндегі еңістеу жерде тұрған жатаған сұр үйдің табалдырығын тұңғыш рет аттағанда жиырма үш жастағы, жаңа ғана университетті тәмамдаған, бәтіне күле қарағанның бәрін дос-бауыр санайтын, бітіргені болмаса да әдебиет пен өнерде ұлы жаңалық ашуға жаратылған жандай берік сенімі бар, аңқылдақ жігіт болсам, осы сұр үйден басқа қызметке ауысқанда (Орталық Партия Комитетінің Мәдениет бөліміне) қырық үш жасқа аяқ басқан отағасы едім. Өмір өз тезіне салмай тынбайды. Қайда жүрсең де қызық пен тауқымет астасып жатады. Бірақ кешкен ғұмырыңның қауызы мен дөнін аршып қарағанда, сөз жоқ, уақыт желі қауызын ұшырып, еккен, терген дөнің ғана қалады. Оның салмағы мен нәрі сенің тіршілігіңнің мәнін анықтаса керек». Бұл – теледидарда тапжылмай жиырма үш жыл қызмет еткен көрнекті жазушы-публицист, тележурналист Сұлтан Оразалының тұжырымы.



М уықта жазушы-журналист, Халықаралық телевизия және радио академиясының академигі Сұлтан Оразалы «Теледидар өнері» атты жинағын ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы оқырмандарына және әріптестеріне таныстыра отырып, қазақ телевизиясының тарихынан ой толғады.

«Қазақстан» Ұлттық телеарнасының тапсырысы негізінде Астанадағы «Фолинат» баспасынан 1000 данамен жарық көрген жазушы С. Оразалының төл туындысы «Өмірмен өзектес өнер», «Телетеатр – өнердің жаңа түрі», «Қазақ зиялылары туралы антология», «Өнер өрісі» тәрізді төрт бөлімнен тұрады. Көркем телевизия тақырыбын арқау еткен автор еңбегінде телеөнер туралы мақала-сұхбаттары, телепьесалары, телесценарийлері, телеинсценировкалары мен теленовелласы топтастырылған.

Кезінде С. Оразалының отыздан аса елдің өлемге әйгілі ақын-жазушы, өнер қайраткерлерімен жүргізген сындарлы сұхбаттары Мәскеу, Киев, Балтық жағалауы, Кавказ және Орта Азия елдерінің көгілдір экрандары арқылы да кең көрініс алып, қалың көрермен жүрегін жаулады.

С. Оразалы – 300-ге тарта әдеби сценарийдің, 20 деректі фильмнің және 40-қа жуық ғылыми-зерттеу мақалалардың авторы. Журналист Ф. Мұстафин жайлы 30 жыл жинаған деректерін жаңғыртып, фильм де түсіріпті. Ең маңыздысы, 48 жыл бойы телевизиямен байланысын үзбеген қарымды қаламгердің С. Зиманов, Т. Ахтанов, С. Байжанов, Ә. Кекілбаев, Қ. Сұлтанов сынды елге елеулі азаматтар туралы деректі фильмдері – қазақ руханиятына қосылған қомақты үлес.

Ч.Абдуллаев:

«Своими книгами я помогаю людям поверить в то, что можно победить зло...»

Чингиз Абдуллаев - Народный писатель Азербайджана, секретарь Союза писателей Азербайджана, вице-президент азербайджанского ПЕН-клуба. Владеет несколькими иностранными языками — английским, итальянским, турецким и фарси. Автор 147 романов и повестей, ряда рассказов, свыше 400 публицистических статей, более 50 сценариев. Произведения писателя переведены на двадцать восемь



языков и изданы в странах СНГ и Прибалтики, а также в США, Великобритании, Франции, Италии, Швеции, Норвегии, Дании, Бельгии, Германии, Турции, Иране, Румынии, Израиле, Болгарии, Польше, Сербии, Албании и Венгрии общим тиражом свыше 26 миллионов экземпляров.





Ч.Абдуллаев посетил столицу Казахстана в качестве делегата Международного форума «Евразийская культура в новом мире». В рамках этого визита в Национальной академической библиотеке РК состоялась его творческая встреча с читателями, представителями творческой и общественной интеллигенции Астаны.

- Встретиться с автором книг, которого знают и любят миллионы, для библиотеки и читателей – значительное событие, - сказала генеральный директор НАБ РК Жанна Шаймуханбетова, — мы имеем замечательную возможность побеседовать с писателем, задать вопросы, лучше узнать его творчество.

Модератором встречи выступил заместитель председателя правления АО «Республиканская газета «Казахстанская правда» Александр Тараков.

Также на встречу с известным писателем пришли представители азербайджанской диаспоры Казахстана - председатель азербайджанского национально-культурного центра «Хазар» в Астане Видади Агаев и президент Союза культурных центров азербайджанцев в Казахстане Видади Салахов. Они отметили, что достижения Чингиза Абдуллаева прославляют их родину, и они рады встречать его на казахстанской земле.

- Когда я приезжаю в другую страну и вижу, что мои книги читают, для меня это самое большое счастье как для писателя. Спасибо казахстанским

друзьям и братьям за тёплый приём, - сказал гость в начале встречи.

С первых минут диалога между Чингизом Абдуллаевым и залом был установлен тёплый контакт. Уверенная манера речи писателя притягивала слушателей, а многочисленные приводимые цитаты и исторические факты только усиливали его силу убеждения. Ему было задано очень много вопросов, на каждый из которых он отвечал обстоятельно. Большинство из них касались исторических, литературных и политических аспектов, также аудитория интересовалась творчеством писателя.

- Часто бывает, что я сажусь в 9 утра за стол и заканчиваю работу в 11-12 часов утра следующего дня, т.е. 27 часов. Бывают, конечно, 5-минутные перерывы ... Если бы мне сказали 27 часов просто лежать в кровати, я бы не выдержал. 27 часов подряд читать? ... Книги я люблю читать, но, наверное, тоже не выдержал. А тут мне интересно. Я там живу. Если пропадет мой роман, я его никогда не напишу заново. Мне неинтересно, я там уже жил. Я, как правило, пишу реальные события. Я вижу этих людей, я не придумываю, - рассказывал писатель. - Но я и сам удивляюсь. Однажды подсчитали: чтобы переписать мои романы нужно 18 лет, если работать по 12 часов в день.

В 45 лет Чингиз Абдуллаев стал самым молодым в Азербайджане Народным писателем. Вот как он прокомментиро-

вал это событие.

- Когда я узнал об этом, то три дня ждал, что по телевизору объявят: это шутка. За всю историю Советского Союза было всего пять человек, кто получил это звание в 50 лет - Чингиз Айтматов, Мустай Карим, Давид Кугультинов, Расул Гамзатов и наш величайший поэт Самед Вургун. Я и сейчас считаю, что мне еще тысячу лет надо работать, чтобы для своей родины стать таким, как Самед Вургун.

- Меня в 45 лет на моем сайте поздравили 14 тысяч человек, и я просто «расширялся» от гордости, а потом узнал, что моего самого любимого писателя Рэя Бредбери в день 90-летия поздравили миллион читателей. Тогда я подумал: «Вот кто настоящий писатель!»

Возвращаясь к теме о роли книги в жизни человека Ч.Абдуллаев отметил: «Я абсолютно убежден, что книга не может просто развлекать, она обязательно должна воспитывать. Когда я пишу книги, я верю, что помогаю людям поверить в то, что можно победить зло...»

В заключение встречи писатель раздавал автографы, фотографировался на память и оставил запись в Книге почётных гостей НАБ РК.



Зухра БАЯНОВА

КЕМЕҢГЕРДІҢ ІТАПХАНАСЫ



Ораз ҚАУФАБАЙ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
қонаевтанушы



Нью-Йоркте шыққан «Құран» кітабы

Құдай-Тағала алдымен сөзді жаратқан дейді. Сол сөздің қағазға түскен рухы ол – кітап. Кітап тарихы ықылым замандарға кетеді. Олардың ішінде пайғамбарларға түскен киелі кітаптар жөнінде әңгіме өз алдына.

Қазіргі компьютер, интернет жоқ заманда адамзаттың рухани өмірі кітаппен байланысты дамыды. «Жаратқан-Иеңнің атымен оқы» деген Алла-Тағала сөзі – «кітап құран» Пайғамбарға уахи болып түсті. Яғни, кітаптың өмірге келуі – Құдай-Тағаладан басталады. О дүниеде Алла-Тағала пендесінен «Кітабының атын айт» – деп сұрайды екен.



Құдайға құлшылық қылып, Алла-Тағалаға мінезет ететін жарықтық Димекең кітапты өте көп оқыған, кітап жинаған жан-жақты білімді ғұлама ғалым (академик) еді. Димекеңнің артында қалдырған бар байлығы құнды мұрасы 3 мыңға жететін кітаптары еді. Үш бөлмелі үйінің бір үлкен бөлмесі еденнен төбеге дейін тірелген кітап, төрт қабырғаны түгел алған кітап сөрелері бір ғажайып кітапхананы елестетеді. Жалтыраған әйнек сөрелердің ішіндегі кітаптарда есеп жоқ. «Кітап – білім бұлағы». Адамзаттың күллі рухани әлемі мен ақыл-ойы, тарихы мен мәдениеті, діні мен ділі Димекең

кітапханасында тұнып тұр. Көктен түскен төрт кітаптың бірі қасиетті Құранның түр-түрі бар. Мұсылман елдеріне іссапар кезінде Египеттен, Сириядан, тағы да басқа Ислам мемлекеттерінен әкелген Құран кітаптары алтындалған қағазға басылған. Бұл кітап пайғамбар мұғжизалары екенін көзге көрсетіп тұрғандай. Әр жылдары, әр замандарда басылған қасиетті Құранның алуан түріне қарап, кітапхана иесінің дінді құрметтеп, пайғамбарды ұлықтап, реті келген сәттерде Құдайға құлшылық еткенін сезесіз. Кітапхананың қазіргі иесі Димекеңнің немере інісі Дияр Қонаев «Кейде жұма күндері Димекең үнсіз жалғыз өзі ішінен құран оқып отыратын. Нәпіл ғибадаттарын жасайтын еді» – деп еске алады. Димекеңе кезінде Халифа Алтай, Ратбек қажы сыйлаған құран кітаптары кітапхананың ең ыңғайлы, алуға оңай жерінде жарқырап көрінеді. Димекең Құранның түпнұсқа арабшасын да, қазақша аудармаларын да оқыған. Өйткені бала кезінде мешіт жанында молдадан сауат ашып, «Әптиекті» тауысқаны белгілі. Халифа Алтаймен дін жайында ұзақ отырып әңгімелесіп, сырласа сұхбаттасқаны жұртқа аян.

Димекең кітапханасында Құран кітаптың өзге тілдерге де аударылған сирек нұсқалары бар. Әсіресе, Нью-Йоркте 1979 жылы орыс тілінде шыққан Құран қатты қызықтырады. Атеистік саясат кезінде шетелге шыққан бір іссапарында Димекең бұл Құранды Еуропа елдерінің бірінен сатып алады. «К-359» деп жеке тіркеу кітабына номері жазылған Құран И. Крачковскийдің аудармасы бойынша АҚШ-та басылғаны қайран қалдырады.

Димекең естелігінде жұбайы Зухра Шәріпқызының Араб елдеріне барғанда Құран кітаптарын іздеп

жүріп, сатып алатыны жөнінде еске алатыны бар. Кітапханадағы он шақты Құран кітабының біразы Зухра апаның «меншігі» болған ғой. Димекеңнің діндәрлығына байланысты бұл жерде бір ғибратты салтты айта кету парыз. Елу жыл, алты ай, екі күн, яғни, жарты ғасыр бірге тату тәтті өмір сүрген Зухра апа дүние салғанда Димекең «таяқ таянып» жоқтайды. Аруақ рухына арнап, кейде құранды өзі оқиды.

Әлем әдебиеті мен мәдениетінің құндылықтары

Серелерде самсап тұрған кітаптар алфавит реті бойынша тізімделіп, түгелдей тіркелген. Тіркеу кітабында бірінші болып Абай атамиздың қазақ тілінде жарық көрген толық шығармалары тұр. Содан соң ұлы жазушы Әуезовтің көп томдық кітаптары жалғасады. Аты-жөндері «А»-дан келетін тағы да басқа қазақ жазушыларының еңбектері реттік санымен кете береді. Димекең кітапханасының «кітапханашысы» Зухра апаның өзі болған ғой. Өйткені, барлық кітаптарды өзі тіркеп серелерге өзі реттеп қойып отырған.

Кітапханада сонау ықылым Антикалық заман әдебиеттерінен бастап, орта ғасыр классиктерінің шығармалары, XVIII-XIX ғасыр әдебиетінің әлемдік алыптары, Америка, Еуропа, Азия және Африка ақын-жазушыларының еңбектері тізіледі. Ежелгі Грек, Рим, Қытай ақын-жазушылары мен философтары, суретшілері мен мүсіншілері және саяхат-

шылары кітапханада кітап емес тірі бейнедей елестейді. Өйткені өте көркем безендірілген, айшықты суреттермен өрнектелген сирек кітаптар өте тартымды.

Өзіміздің Абай мен Әуезовтен басталатын әдебиет тізім-сөресінде Америка, Франция, Орыс, Араб, Неміс, Жапон тағы да басқа халықтардың рухани әлеміндегі құндылықтары көз алдыңыздан өтеді.

Димекең кітапханасында Шекспир, Данте, Толстой, Тургенов, Джек Лондон, Гете, Гейне, Чехов, Тагор, Луи Арагон, Пушкин, Байрон, Гомер, Фердауси т.б шығармалары мен әр халықтың ауыз әдебиетінің озық үлгілері сақталған. Академик Қонаев әлем әдебиетінен мол хабары бар, рухани жағынан бай ғұлама болғанын жоғарыдағы ұлылар еңбегі дәлелдеп тұр. Ғұлама Димекең шетелдерге шыққанда сол елдің тарихы, мәдениетін және әдебиетін терең біліп әбден оқып-тоқып баратын болған.

Димекең студент кезінде өлең жазған. Мәскеуде оқып жүргенде қолынан кітап түспейді екен. Алматыда 70-жылдардың басында Димекеңнің тікелей ықпалымен Азия, Африка ақын-жазушыларының халықаралық мәслихаты өтті. Ақын-жазушылардың әлемдік мәслихатының Қазақстанда өтуі тарихи оқиға болып қалды.

Қонаев тек әдебиет әлемінде ғана емес өзінің мамандығы бойынша да (Тау-кен инженері) теңдесі жоқ ғажайып білімді адам болған. Кітапханадағы ғылымның әр саласы бойынша шыққан энциклопедия мен анықтамалықтар бір төбе. Дін, философия, саясат, заң, медицина, тарих, өнер саласы бойынша тізілген энциклопедиялардың бәрін көріп түгендеу мүмкін емес. Ал сөздіктер, тіпті көп. Әдеби кітаптардың бәрін

оқымауы мүмкін. Ал сөздіктер мен энциклопедиялық анықтамаларды қажет кезінде үнемі қарап отырған.

Белгілі жазушы Сәбит Досанов бірде Димекеңнің кабинетіне кіргенде үстелінің үстінде жатқан әйгілі ақын-жазушылардың кітабын көреді. Соған қарағанда Димекең қазақ жазушыларының шығармашылық ізденістері мен табыстарын біліп отырған. Алматыда ақын-жазушылардың съезі ашылғанда Димекең оған қатысып, Президиумда таудай болып отыратын еді.

Қолтаңба- лар Қонаев- ты ұлықтай

Ды Димекең кітапханасындағы кітаптардың біразы ол кісіге қолтаңба жазып берген белгілі ақын-жазушылардың таңдамалы шығармалары. Олардың ішінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов және Шыңғыс Айтматов, т.б. бар. Брежнев пен қазіргі елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та жаңа шыққан кітабына қолтаңба жазып жақсы тілек тілеген.

Жетпісінші жылдардың ортасында Кеңес үкіметінде дүрбелең, даудай тудырып, әлемді шулатқан Олжас Сүлейменовтің «АЗиЯ» кітабы жөнінде дүниежүзі білді. Олжекең осы кітабына былай деп қазақша қолтаңба жазыпты. «Құрметті Димекеңе, ұлы адамға, коммунист азаматқа. Шын жүректен» – деп қол қояды. 24 шілде 1975 жыл Қолтаңба кітапқа ұлтшылдық айып тағылмай тұрғанда жазылған.

Димекең ұлтын ұлықтаған ақын-жазушыларды құрметтеді. Бұл жер-

де ұлттық рухты көтерген Ілияс Есенберлиннің орны бөлек. Жазушының «Көшпенділер» кітабы Мәскеуде орыс тілінде 100 000 таралыммен шықты. Сондықтан Ілекең былай дейді: «Сіздің әдебиетке деген оның ішінде туған әдебиетке деген қамқорлығыңызды жақсы сезінеміз» – деп ағынан жарылады.

Димекең дәуірінде Бауыржан Момышұлы туралы «Аңыз бен ақиқат» романын жазған Әзілхан Нұршайықов орысша нұсқасы 100 000 таралыммен шыққан осы кітабына былай деп қолтаңба жазады: «Ұлтымыздың кемеңгер перзенті, Асыл ағамыз ардақты Димекеңе қазақ халқының бақыты үшін ұзақ жылдар жасауға тілектеспін». 12.01.1985 ж.

Ұлы жазушы Сәбең мен Димекеңнің арасында сол заманның саясатына байланысты салқындық болды. Міне, сондықтан Сәбең орасан мол таралыммен шыққан «Өмір мектебінің» орысша нұсқасына «Қонаев жолдасқа», - деп қысқа қайырып қолтаңба береді.

Атақты Бауыржан Момышұлы «За нами Москва» кітабына «Дін-Мұхаммедке Бауыржаннан» – деп қысқа әрі нұсқа қолтаңба жазыпты.

Әйгілі ақын Тұманбай Молдағалиев 80 жылдары шетелдерге жиі шығып, шығармашылық сапарларда болды. 1985 жылы «Тынық мұхит» дәптері кітабына жазған ақындық қолтаңбасы ерекше тебірентеді. Ардақты Димаш аға деп бастап ары қарай жырмен былай жалғастырады.

Ием сенсің именетін жан аға,
Кием сенсің күй беретін жан аға.
Бастаушым да, қорғаушым да өзіңсің,
Бақыт деген сый беретін жан аға.
Сенімімде мені күнде көтерген,
Бір өзіңсің айнымайсың әкемнен.
Жауынгердей қызыл туға ант берген,
Саған мәңгі басымды иіп өтем мен.

Димекеңнің жұлдызы жанған жылдары Қазақ әдебиетінің де атақ-даңқы алысқа кетті. Мұхтар Әуезов Лениндік сыйлық алса, кейін Ғабит Мүсірепов Еңбек Ері атағына ие болды. Міне, сондықтан қазір қаламгерлер сол дәуірді «Әдебиеттің алтын ғасыры еді» деп мойындайды.


70 жылдары Ғабеңнің «Ұлпан» кітабы жарыққа шығып әдебиетте үлкен өрлеу болды. Ғабеңнің жаңа шығармасын оқырман сүйсіне қабылдады. Ғабең «Ұлпанның» бір данасын Димекеңе сыйлап, былай деп қолтаңба беріпті: «Қадірлі елбасшысы, ардақты Отан ұлы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев жолдасқа. Дос көңілден» Ғабит Мүсірепов 12.05.1976 ж.

1974 жылы Ғабең Еңбек ері атағын алғанда омырауына «Алтын жұлдызды» қадаған Димекең еді. Халық университетінің бір дәріс сабағында мұны жазушы ерекше айтқан болатын.

Қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов белгілі шығармасына өз қолтаңбасын «Қазақ халқының ұлы перзенті Димаш Ахметұлы Қонаевқа» – деп аса құрметпен жазады. Димекеңнің досы Брежнев те бір кітабына шын жүректен қолтаңба жазып беріпті. Ал Нұрсұлтан Назарбаев Орталық комитетте хатшы болып тұрған кезінде шыққан кітабына «Құрметті Димаш Ахметұлы әкелік қамқорлығыңызбен ықыласыңыз үшін деп» – қол қояды. 30.03.1985 ж.

Димекең кітапханасындағы қолтаңба кітаптарды түгел тізіп жазу мүмкін емес. Бәрінде Димекеңе деген шексіз сүйіспеншілік пен құрмет және ұлықтау мен ардақтау сезіліп тұрады.

2 Блок



Екінші бөлімде кадр өлеуеті, кәсібі біліктілікті көтеру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Кітапхана ісіндегі қайраткер тұлғаның іс-тәжірибесімен де бөлісетін боласыз. Сондай-ақ кітапханалардың ақпараттық қоғамға қарай бейімделу барысы, бұл ретте Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университеті Электронды кітапханалар, ақпараттық жүйе және технологиялар кафедрасының профессоры Вадим Степановтың «сандық дәуір және кітапхана ісі» бойынша материалы мамандарымызға аса қажет.



Когда мы слышим о человеке, который является мастером своего дела, предан профессии, на ум приходит пословица о том, что не место красит человека, а человек – место. «Все работы хороши – выбери на вкус!», – сказал В. Маяковский. Именно поэтому в своей новой рубрике мы хотели бы рассказать о людях, для которых слово «библиотека» – не просто сочетание букв, но и дело всей жизни, любимая профессия. Несмотря на невысокую престижность этой профессии в нашей стране, все же есть люди, которые всегда торопятся на работу, болеют душой за нее. Одним из таких библиотекарей, чей многолетний труд достоин уважения и служит ярким образцом для молодых, является



Директор Государственной
детской библиотеки им. С.Бегалина
София Кузмаровна Цаева

Работа в радость

О библиотекаре ... о Бегалинке

«Я счастливый человек, – говорит всегда София Кумаровна. – Ибо в моей жизни вот уже более сорока лет постоянно присутствуют две основные составляющие моего счастья – это дети и книги».

Любовь к книгам привил ей отец, который ей и пяти братьям покупал детские книжки, рассказывал о писателях, поэтах. Одним из первых рассказов, которые самостоятельно прочитала маленькая София, был рассказ «Честное слово» Леонида Пантелеева. После третьего класса прочитала первый роман – «Путь Абая» Мухтара Ауэзова. С высоты этого великого произведения и открылся ей мир серьезной литературы. Потом были «Слова назидания» Абая, романы Диккенса и Голсуорси, рассказы Джека Лондона и О'Генри... Н. Гоголь, А. Пушкин... С тех пор книги стали постоянными спутниками в жизни Софии Кумаровны.

И нет ничего удивительного в том, что любовь к литературе, книгам привела ее в «кладовые мудрости», «храм знаний», как называют с древности библиотеки.

А еще библиотеки – это «аптеки для души», прежде всего, для детской души. И выбрала София работу в детских библиотеках, с обслуживанием детей связана вся ее сознательная жизнь. Свою профессиональную деятельность начинала с работы в школьных библиотеках.

1969 год – знакомство Софии Кумаровны и Республиканской детской библиотеки им. С.Бегалина, которая стала ее родным домом. Благодаря высокому профессионализму и любви к своему делу Раевой С. К. удалось превратить детскую библиотеку в излюбленное место и для 15 тысяч ребятишек, которые ежегодно пользуются услугами библиотеки. Для своих маленьких читателей библиотекари предоставляют обширный фонд, состоящий из более чем 500 тысяч экземпляров.

София Кумаровна убеждена, что детская библиотека – это самое лучшее место для того, чтобы подготовить ребенка к жизни. И поэтому библиотекари делают все возможное, а порой и невозможное, чтобы ребятишки приходили сюда вновь и вновь. Это и соответствующий дизайн, и современные читальные залы, и игровые комнаты и т.д. Шагая в ногу со временем, Бегалинка создала сайт в Интернете с онлайн-услугами, выпускает уникальные пособия, календари и альбомы, CD-диски. В целях развития детского художественного творчества при библиотеке действует Академия юных художников. Проходят многочисленные книжно-иллюстративные выставки и конференции, встречи с писателями, художниками, кинематографистами. Библиотекари помогают школьным библиотекам, учителям, приобщают к чтению малышей из детских садов.


Увлеченность делом позволила Софии Кумаровне создать творческий, дружный

коллектив единомышленников. Ее богатый опыт, обширные знания, замечательные деловые и человеческие качества, уникальный талант организатора снискали заслуженный авторитет и уважение, как среди коллег, так и маленьких читателей и их родителей. Ведь пока есть такие люди, бескорыстно отдающие себя любимому делу, нам не грозит равнодушие к своей культуре, чтению.

Помимо основной работы София Кумаровна активно занимается общественной деятельностью. Будучи человеком большой душевной доброты и с чутким сердцем, сотрудничает с благотворительным фондом «Сэби». Постоянно взаимодействует с неправительственной общественной организацией «Доблесть», активно пропагандируя гражданскую патриотическую позицию среди молодежи.

Талантливый человек талантлив во всем. Свидетельство тому яркая, насыщенная жизнь Софии Кумаровны. Ее профессионализм, деловые качества известны не только в нашей стране, но и за рубежом. Так, по приглашению Госдепартамента США она участвовала в программе «Международные визитеры», по приглашению Института Гете посещала библиотеки Германии. Была участником многих международных конференций, где выступала с докладами в защиту детства.

Разумеется, неустанный труд Софии Кумаровны в деле воспитания подрастающего поколения не остается незамеченным. В 2007 году она была признана



лучшей в номинации «За верность профессии» на республиканском конкурсе «Халық Қалаулысы» - «Народный Герой». Неоднократно отмечалась грамотами Министерства культуры Республики Казахстан, награждена знаком «Мәдениет қайраткері».

Детское чтение

Как заметил в свое время Максим Горький, «писать для детей нужно так же, как и для взрослых, но только лучше». Потому что сегодняшние юные читатели – это будущие политики, экономисты, учителя и врачи, в руках которых будет судьба нашей страны. От того, что они читают, зависит их мышление, мировоззрение.

Сейчас трудно переоценить роль чтения в развитии подрастающего поколения. Ведь нравственное, интеллектуальное развитие детей напрямую связано с получаемой ими духовной пищей. Литература имеет большое значение в социализации личности, питает ум и воображение детей, является надежным средством их духовного развития. В последнее время все чаще говорят о том, что дети перестали читать. «Заменит ли компьютер книгу?», «Как заинтересовать ребенка чтением?» – эти вопросы, имеющие под собой достаточно объективные основания, стали волновать не только людей, имеющих отношение к проблеме чтения, но и широкую общественность.





Поэтому библиотекари Бегалинки всячески содействуют привитию любви к чтению, повышению культуры чтения, информационной культуры у своих маленьких читателей. Здесь всегда найдется книга и на русском, и на казахском языках. В мини-типографии при библиотеке печатаются книги талантливых детских писателей и отрывки из произведений великих авторов, которые могут быть интересны даже читателю с «маленьким стажем».

По мнению Софии Кумаровны, большая часть нечитающих людей сегодня – это упущение взрослых в воспитании детей. И здесь речь не идет о роли семьи, хотя и этот момент нельзя не упомянуть. На

детскую литературу надо выделять как можно больше средств, потому что детская литература сегодня – это дорогое удовольствие. Поэтому библиотека остается пока единственным местом, где в широком доступе имеется литература для детей как отечественных, так и зарубежных авторов.



Гулжанат
ЖУБАНИЯЗОВА

Дүниежүзі кітапханашыларының 19-шы халықаралық конференциясы:

«Қырым - 2012»



Маусым айының алғашқы онкүндігінде Украинаның Судак қаласында дүниежүзі кітапханашыларының 19-шы Халықаралық «Қырым – 2012» конференциясы өтті. Әлемнің әр нүктесіндегі 1000-нан аса кітапханашының басын қосқан конференцияда талқыланған тақырып: «Сандық дәуірдегі кітапханалар: жаңа парадигма және қоғамдық дамудағы жаңа роль».

Жиынға 15 адамнан құралған қазақстандық делегация да қатысты.

Конференцияда кәсіби өзекті деген мәселелер талқыланып, кітапхана ісіндегі жетістіктер, жаңа ақпараттық технологиялар жөнінде тәжірибе алмасу ері өзара пікірлесу мақсатында бес күн бойы 15 секция жұмыс жасады. Атап айтсақ; 1 секция – Ақпараттық қоғам және әлемдік ақпараттық инфрақұрылым. Ұлттық ақпараттық ресурстар және Ұлттық кітапханалар, Халықаралық ынтымақтастық жобалары. 2 секция – Автоматтандырылған және корпоративті кітапханалық желілер мен технологиялар. 3 секция – Электронды кітапханалар. 4 секция – Ақпарат пен мәдениеттің негізгі кеңістігіндегі кітапханалар, мұражайлар және мұрағаттар. 5 секция – Кітапханатану, библиография-



тану және кітаптану. 6 секция – Кітапханалық кадрлар, кәсіп және білім беру. 7 секция – Кітапханалық-ақпараттық жүйелерді ақпараттық лингвистикалық қамту. 8 секция – Экологиялық ақпарат және экологиялық мәдениет. 9 секция – Ақпараттық нарық және кітапхана қорларын құру. 10 секция – Кітапханалық инноватика және сапаны басқару. Авторлық құқық пен зияткерлік меншік құқығын қорғау. 11 секция – Аймақтық, қалалық және ауылдық көпшілік кітапханалар: жаңа экономика және жаңа технология. 12 секция – Оқу және балалар мен жастардың ақпараттық сауаттылық мәселелері. 13 секция – Медициналық ақпарат: ғылыми зерттеулермен қамтудағы және дәрігерлерге ақпараттық қызмет көрсетудегі кітапханалардың ролі. 14 секция – Білім беру, ғылыми зерделеу және басқару процесстерін ақпараттық және инновациялық қамту. 15 секция – Кітапханалық-ақпараттық тәжірибеде интернет-технологияларды пайдалану.

ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлі-

Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Бас директорының орынбасары

мінің жетекшісі Набат Асқарбекова «ҚР Ұлттық кітапханасында құжаттық мұраны қалыптастыру, сақтау және қамтамасыз ету», ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры Жанна Шаймұханбетова «Қазақстан кітапханалары – полиэтникалық ортадағы мәдени диалогтың ашық алаңы», ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Бас директорының орынбасары Ғалия Исақанова «ҚР Ұлттық академиялық кітапханасындағы ұлттық қорды қалыптастыру мәселелері және жетістіктері», ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі Сәулеш Назырова «ҚР Ұлттық академиялық кітапханасындағы халықаралық серіктестіктің жаңа импульсі», ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығы жетекшісінің орынбасары Айжан Аржанова «ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы – Астананың мәдени мәтіні» тақы-

рыптарында баяндама жасады.

Конференцияны Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Ресей Мемлекеттік ғылыми-техникалық көпшілік кітапханасының Бас директоры Яков Шрайбергтің «Кітапханаларды дамушы ақпараттық қоғамға ықпалдастыру: бізді алда не күтіп тұр?» атты баяндамасы әрбір кітапханашыға ой салды.

Ал Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер институтының профессоры Вадим Степановтың «Сандық коммуникация жүйесіндегі кітапханаларды сақтап қалу стратегиясы» атты баяндамасы негізінде цифрлы әлемдегі ақпарат таратушылар, кітапханалар мен

баспагерлердің байланысы тәрізді өткір мәселелер ашық талқыланды.

«Білім беру, ғылыми зерделеу және басқару процесстерін ақпараттық және инновациялық қамту» секциясында сөз алған Ресей Мемлекеттік кітапханасының маманы Евгения Гусеваның тұжырымы: «Инновациялар, жаңғыртулар дамудың шарты болуы үшін кітапханалар білуі тиісті, олардың қызметіндегі инновация – бұл дамудың немесе ұстанған бағыттың құралы ғана емес, сонымен қатар кітапханалар қызметінің шегіне жеткенше пайдалылығын арттыру амалы, ол – қоғамға не нақты тұтынушыға көрсететін өлеуметтік игіліктің сапа деңгейі, кітапхана беретін игілік – бұл оның атауларының тізімін ұлғайту және орындау өрі өзінің өлеуметтік қызметінің сапасы, бұл – өте-мөте өлеуметтік мазмұнға ие, нақ осы жайт бүгінгі таңда кітапханалар қызметіндегі ең басты қиындықтың бірі болып саналады».

АҚШ-дағы Индиана университетінің библиографы Акрам Хабибуллаев кітапханалардың ортақ пробле-



масын көтерді. Ол: «Өткен жылы Американың жоғары оқу орындарында «исламтану» ең әйгілі пәндердің бірі болды. Соған сәйкес, жарияланған материалдар саны мен көлемі де өсті. Онлайн қорлар: толық мәтінді мәліметтер қоры, көрсеткіштер, реферативті ресурстар мен сандық топтамалар пайда болса, сол анықтамалық түпнұсқалар кітапхана қызметкерлері, оқытушылар, мұғалімдер мен студенттер үшін маңызды. Кейінгі зерттеулерге сүйенсек, студенттер ғылыми жұмыстарын орындауда алдымен электронды қорларға жүгінеді екен. Өйткені оларға ақпараттың тезірек табылғаны қажет. Алайда, жастар кітапханалық негізгі қорларды, сондай-ақ дұрыс пайдалану жолдарын білмеуі де мүмкін», – дей келе жұмыс жасау тәсілдерін атап өтті, – «Ағылшын тіліндегі түпнұсқаларға негізделген бірнеше онлайн деректердің қоймасын жүйелеп, исламтану саласындағы негізгі жұмыстар ескере ұсынылған. Жоғары курстың студенттеріне ислам әдебиеті мен мәдениетінің, тарихының оқытылуы мен зерттеуі саласындағы негізгі академиялық түпнұсқаларға сілтемелер берген. Мысалы: Исламның онлайн энциклопедиясы 2-ші басылым, Ислам мәдениеті мен әйелдер әлемі энциклопедиясы, Иран әлемі энциклопедиясы, Исламтану онлайн. Оксфорд, Онлайн библиографиясы (кітаптардың атын, мазмұнын т.б. жазып көрсету). Исламтану. Оксфорд, Ислам. Көрсеткіш».

Сонымен қатар, кітапханашылар қызықты тұсаукесерлер, интеллектуалды ойындар мен спорт жарыстарын да тамашалады. Ескі Қырымдағы М. Волошин, А. Грин, К. Паустовский, Марина және Анастасия Цветаевтардың музей үйлерін көзімізбен көре отырып, сонау орыс әдебиетіне ойша саяхат жасадық.

ҚЫРЫМДАҒЫ КҮНДЕРІМ...

Сахна төріндегі сырнай-көрней, сарай ханшайымдар мен бикештері, ұлы мәртебелі император, әскери шеңберділер, тұтқын француздар легі тәрізді тартымды кейсіністер жиналған қауымның жүрек түкпірінде қала берді.



Дүниежүзі кітапханашыларының «Қырым – 2012» 19-шы Халықаралық «Қазіргі ғылым, мәдениет, білім және бизнес әлеміндегі кітапханалар мен ақпараттық ресурстар» тақырыбымен өткен конференцияның ресми ашылуы осылай басталғанды.

Аталған конференцияны Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Ресей Мемлекеттік ғылыми-техникалық көпшілік кітапханасының Бас директоры Яков Шрайберг «Кітапханаларды дамушы ақпараттық қоғамға ықпалдастыру: бізді алда не күтіп тұр?» атты баяндама жасап, соңы салтанатты отшашумен жалғасты.

Бұл күнгі ерекше кездесу – Канадалық әріптесіміз Фрэнсис Кирквудпен анықтама қызметі туралы мазмұнды диалог құруымыз. Ол Канада Парламенті кітапханасында әлемнің әр алуан тілінде анықтама орындағанын айта келе, «оқырманға ешқашан «жоқ» деуге болмайтынын» ескертті. Мәселен, Америка оқырманы сұраған өткен ғасыр манускрип-

ті «Қазақша-орысша сөздігінің» көшірмесін Санкт-Петербургтен алғызыпты. Белоруссия Ұлттық кітапханасы оқырманның сирек географиялық зерттеуге сұранысын, тек Қазақстанның Ұлттық кітапханасынан тауып орындаған. Мұнан алматылық әріптестеріміздің қажырлы қызметінің нәтижесін көреміз.

Тағы бір тарихи сәт. Қырым бізді қандасымыз хәм әріптесімізбен кездестірді. Американың Индиана штатында қазақ азаматы, библиограф Ақрам Хабибуллаевтың жұмыс істейтінін біреу білсе, біреу білмес?! Оның «Ұлы жібек жолы» туралы танымдық лекциясы көңілге қонды.

Сондай-ақ Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университетінің профессоры Вадим Степановтың лекциясы да позитивті сипат алды. Автор дискуссия алаңына – сандық дәуірде кітапханаларды сақтап қалу мәселесін қойды. Негізгі шарты – кітапханаларда зияткерлік өнімнің кез келген түрін цифрлы формада ақысыз тарату. Бұл – кітапханалардың цифрлық ортадағы ақпараттық функциясын сақтап қалады деген бекем пікір. Вадим Константиновичтің кезекті баяндамасы әрбір кітапханашыны ашық диалогқа шақырып, кітапхана ісі және осы кәсіптің келешегі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Оған «оппоненттер» де табылып жатты.

Осы орайда, ақиық ақын, жазушы, саясат және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің «әркімге ғаламдық деңгейде ойлау керек/каждому надо мыслить глобально» деген қанатты сөзі



Шекер САҚЫБАЕВА,

А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының библиографы

бекер айтылмаған болар.

Түрік-татар секциясына өзірбайжан, өзбек, башқұрт, татар және қазақ елінің кітапханашылары жиналды. Мұнда ақпараттық қауіпсіздік, Бораганский типографиясы, Гаспиринский кітапханасы, башқұрт сирек қоры туралы хабарламалар жасалды. Өкінішке қарай, Қырым конференциясына түркі мемлекеттерінің өкілдері көп қатыса қоймады. Дегенмен, секция қатысушылары келешекте түркі тектес елдердің кітапханалары арасында қарым-қатынасты нығайтып, ақпараттық кеңістік орнату, қоғам мен жастарға тәлім-тәрбие беретіндей журнал шығарып, түркі әлеміне ортақ тарихи, мәдени мұраларымызды бірлесіп пайдалану мәселелерін талқылады. Кәсіби кездесуге басқа да бауыр-

лас елдердегі әріптестеріміз тартылса деп түйіндедік.

Сонымен, өз басым библиограф ретінде ӘОЖ-дегі өзгерістер, RFID технологиясы, анықтама қызметі туралы секциялардың маңызы бөлек деп санаймын. Кітапханамызға RFID технологиясы енгізіліп жатқандықтан, бұл материал бізге өте қажет.

Қырымдағы күндеріміз қызықты да тартымды мәдени-демалыс бағдарламаларымен есте қалды. Судактың жылы кештеріндегі бард-әндер, «Что? Где? Когда?», «К барьеру» интеллектуалды дуәлі секілді демалыс шаралары, арша ағаштар аллеясындағы серуен сергек көңіл-күй сыйлады.

Қара теңіздің шипалы ауасы мен көрікті көкорай шалғыны, теңіз бетіндегі теплоходпен серуен, «Ұйқыдағы ару», «Генуэз қамалы», «Патша жағалауы» аңыздары да айрықша әсерлі көрінді. Ялта саяхатында сән-салтанатты «Воронцов сарайы», ботаникалық бақтар мен дендрарийлер табиғаты жүректі тербетеді.

Осы қасиетті мекенде орыс, түрік, татар көпестері, ғалымдар мен саяхатшылардың, белгілі ақындар мен жазушылардың, зерттеушілердің, көшпенді түркі халықтарының ізі жатыр. Тіпті, Ресейдегі әйгілі кинофильмдердің басым бөлігі Қырымда түсірілгені де еріксіз есіңе оралады екен.

Қалай қарасақ та, Қырым – кәсіби білім көкжиегін кеңейтіп, әріптестермен танысатын әрі сындарлы сұхбаттасу, жылы жүздесулер жүргізетін орта. Сол кәсіби сапарымда сүйіп таңдаған кітапханашылық мамандығымды тағы да мақтан еттім.

Осылай, маусым айының әсем кешінде көне Судак жылы құшағына алған алтын күндеріміз алыстап барады.



Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА,
генеральный директор Национальной
академической библиотеки РК

ПОСЛЕСЛОВИЕ К
«Крыму-2012»

(Об участии в работе Девятнадцатой Международной Конференции «Крым — 2012»)

Более 830 человек из 20 стран мира приняли участие в работе этого крупного международного форума. За пять рабочих дней прошли заседания 15 секций, 11 круглых столов, 10 семинаров, более 20 различных дискуссионных групп, презентаций, специальных программ и докладов, мастер-классов, несколько ежегодных конференций, традиционно проходящих в рамках крымского форума. Состоялись презентационная программа Украинской библиотечной ассоциации, специальное совместное мероприятие библиотек Москвы и Санкт-Петербурга, День крымских библиотек.

Ежегодный доклад конференции, который уже 11 лет представляет Яков Леонидович Шрайберг, генеральный директор Государственной публичной научно-технической библиотеки России, президент Международной ассоциации пользователей и разработчиков электронных библиотек и новых информационных технологий (Международная ассоциация ЭБНИТ), председатель международного и оргкомитетов форума, в этом году был посвящен интеграции библиотек в развивающееся информационное общество. Он отметил, что в обществе чувствуется какая-то неопределенность, недосказанность, когда мы говорим о будущем библиотек и книги: «Практически все субъекты книжного рынка во всем мире: книгоиздатели, книгораспро-

С 2 по 10 июня 2012 года в городе Судак (Автономная Республика Крым, Украина) прошла Девятнадцатая международная конференция «Крым – 2012».

Тема конференции – «Библиотеки в цифровую эпоху: новая парадигма и новая роль в общественном развитии».

странители, библиотечные и информационные работники, руководители и менеджеры, преподаватели и ученые – все подтверждают: падает интерес к чтению, ...посещаемость библиотек, ...тиражи печатных изданий и растут тиражи электронных изданий, неистребим пиратский и контрафактный контент в Интернете и не только в Сети, но и в оффлайновых формах». Как библиотеке встраиваться в новые реалии жизни, учитывая все те тенденции, что характерны для нашей страны и всего мира? На эти и другие вопросы отвечал в своем докладе Я.Л. Шрайберг.

Я принимала участие в работе центральной пленарной **дискуссионной площадки Конференции: «Свободный доступ к ресурсам образования, науки, культуры и роль библиотек»**. Ведущей Площадки выступила Журова С.С., член Совета Федерации Федерального Собрания РФ. Это был свободный обмен мнениями. Шрайберг Я.Л. подчеркнул еще раз необходимость объединения усилий ведущих библиотек в создании открытого доступа к информации. А.И.Вислый высказал мысль о том, что без издательско-редакционной обработки не нужно брать на оцифровку документы и включать в Электронную Библиотеку. И здесь нельзя не согласиться с ним. При наполнении контента ЭБ все библиотеки постоянно стоят перед выбором – «залить» или воздержаться, несмотря на то, что выработаны определенные критерии отбора, например, в КазНЭБ. Порадовалась за российских коллег – у них защитники в лице депутатов ГД. В частности, Драпеко Е.Г., первый заместитель Председателя Комитета по культуре ГД РФ, выступила по проблемам законодательства по культуре: о реестре произведений, перешедших в общественное достояние, охране общественного достояния, внесении поправок в «таможенный союз», модернизации отношений между государством и культурой, о проекте Закона о культуре РФ как идеологическом, а не технологическом документе, вопросы о национальном духе, национальной идее в проекте Закона.

Актуальные темы рассматривались на **Секции «Информационное общество и мировая информационная инфраструктура. Национальные информационные ресурсы и национальные библиотеки, проекты международного сотрудничества»**. Я была сопредседателем секции, на которой выступили Кузьмин Е.И. (по Программе ЮНЕСКО «Информация для всех»), Мурована Т. А. (по сохранности цифровой информации), Гендина Н.И. (по медиа-информационной грамотности), Паршакова А. (по языковому многообразию), Куйбышев Л. (по «Европеане»). Продолжилась секция дискуссией о роли НБ. Я выступила с докладом «Библиотеки Казахстана - открытые площадки для диалога культур в полиэтнической среде», а Назырова С.С. (руководитель Службы связей с общественностью НАБРК) с докладом «Новые импульсы международного партнерства НАБРК».

Сотрудниками РГБ была организована **секция «Электронные библиотеки»**. Темы выступлений – самые разнообразные: от мифов по ЭБ до проблем выбора при оцифровке, от стратегии информатизации в РНБ до поставщиков ЭР. Основные мысли: библиотеки не должны оцифровывать все подряд, они должны дать альтернативу – т.е., читатель дол-

жен прийти в библиотеку; должен быть список книг, вышедших из-под влияния закона об авторском праве – на сайте РГБ, политика РГБ – цифровать все книги научного и образовательного характера, доступ обеспечить через ВЧЗ; о приобретении книг уже с правами на э-копии!

Секция «Библиотекосведение, библиографоведение, книговедение» привлекла внимание именами докладчиков. **Шрайберг Я. Л.** затронул вопрос о введении в библиотекосведение нового раздела – сохранность электронных документов, сайтов, которое влечет за собой много вопросов: меняются носители, форматы хранения, меняется ПО, не определены сроки хранения и т.д.; другой раздел - библиографирование электронных документов также порождает вопросы. Есть над чем задуматься теоретикам библиотечного дела.

Столяров Ю.А. и Сукиасян Э.Р. поделились своими мыслями о Ш.Ранганатане, посвященное 120-летию со дня рождения.

Из выступления Сукиасяна Э.Р. :

«Пять законов библиотечной науки» («The five laws of library science») – выдающееся произведение индийского мыслителя, библиотековеда Шиали Рамамрита Ранганатана (1892–1972). Всего лишь несколько лет работы в библиотеке оказалось достаточным для Ранганатана, чтобы обнаружить

глубинные закономерности библиотечной теории и практики и выразить их в пяти кратких формулировках, хорошо запоминающихся на любом языке.

1. Книги предназначены для пользования ими.
2. Книги предназначены для всех; или каждому читателю – его книгу.
3. Каждой книге – её читателя.
4. Берегите время читателя.
5. Библиотека – растущий организм.

Каждый может найти у Ранганатана что-то для себя новое, безусловно, полезное и интересное для нашей науки и практики».

«Что может спасти библиотечное образование?» с такого вопроса начал доклад **А. М. Мазурицкий** (Московский государственный университет культуры и искусств). И здесь же начал предлагать возможные решения и ответы: «необходимо всеми силами привлечь внимание государственных и общественных структур к сложившейся ситуации в нашей профессии; предложил рассмотреть возможность государственного распределения для студентов нашей отрасли, так как она формирует культурный и образовательный потенциал страны; необходимо проведение

общероссийского мониторинга кадровой ситуации; выработка определенной стратегии в подготовке специалистов библиотечного дела, как в масштабах страны в целом, так и в субъектах Российской Федерации в частности; необходимо убедить руководителей учебных заведений, в которых готовят библиотечных специалистов, в том, что существование нашего направления – не «сохранение библиотечных реликтов», а сохранение будущего культурного и образовательного потенциала страны».



Секция «Библиотечная инноватика» всегда интересна, так как априори предполагает новизну. В докладе «От руководства чтением к клиентоориентированности: смена парадигмы (опыт технической библиотеки предприятия)» **О. Б. Ушакова** из Красноярского центра научно-технической информации и библиотек Красноярской железной дороги – филиала ОАО «Российские железные дороги», показала как в АБИС реализована возможность анализа клиентской базы с целью персонализации общения, выстраивания грамотной маркетинговой стратегии библиотеки, направленной не на «среднюю температуру по больнице», а на конкретные целевые группы. Автор обратила внимание на важные функции, которые на сегодняшний день не реализованы в системе автоматизации, например, такие как «планирование задач» (служебная функция для каждого сотрудника, обслуживающего пользователей) или «персональные рекомендации», где можно отметить нужные издания, которые автоматически направляются в «Заказы» АРМ «Книговыдача» и т.д.

Дискуссионная площадка «Библиотеки в системе цифровых коммуникаций: стратегия выживания» собрала огромное количество участников. Базу для этой дискуссионной площадки составил доклад **Вадима Степанова** «Библиотека в системе цифровых коммуникаций: стратегия выживания» (<http://gpntb.ru/win/inter-events/critea2012/disk/144.pdf>). Данная дискуссионная площадка стала логическим продолжением дискуссии, развернувшейся на страницах журнала «Современная библиотека», в блоге журнала (http://sbiblioteka.blogspot.com/2011/09/blog-post_26.html), а также в группе журнала в сети Facebook (<http://www.facebook.com/sb.litera>). Запомнился призыв **Л. Казаченковой**, гл.редактора журнала «Современная библиотека» - от лозунгов



шала настоящую схватку между Мазурицким А.М. и Сукиасяном Э.Р. В неравных позициях оказались дуэлянты, так как Мазурицкому выпала роль защитника системы образования, а Сукиасян был в роли критика, что всегда выигрышно. Мазурицкий проиграл дуэль, что было понятно изначально, но он держался доблестно – сочинил стихи во славу своего оппонента, отвечал как всегда с юмором. Я голосовала за него, потому что разделяю его точку зрения и боль, которую вызывает плачевное состояние профессионального библиотечного образования.

Незабываемые впечатления остались от **экскурсии «Киме-рийские жемчужины»**, которая включала посещение музеев А. Грина и К.Паустовского в Старом Крыме, Марины и Анастасии Цветаевых в Феодосии, Максимилиана Волошина в Коктебеле. Прикосновение к жизни и творчеству этих великих людей надолго останется в сердце и душе!

перейти к делу, предложила отказаться от апокалиптического библиотечного сценария, прекратить изобретать велосипед, а лучше изучать зарубежный опыт, (в частности, библиотечную адвокацию, мобильные библиотеки), где многие проблемы, стоящие сейчас перед российскими библиотеками, уже решены, а также тщательнее анализировать отечественный опыт. Яркое выступление Т.Жуковой, Президента Русской школьной библиотечной ассоциации, заставило еще раз задуматься об умении лоббировать библиотечные интересы на всех уровнях власти. «Если вы болеете за дело, то зрелая личность записывает решение проблем в собственные задачи» - трудно не согласиться с данным изречением автора. Она призвала «менять интонации, писать и говорить на чиновников, тем самым «примагнитить» к себе». Со стороны библиотечного сообщества экспертами, озвучившими свое видение и свои наработки по теме, также выступили **Наталья Абросимова** (Ярославская ОУНБ) и **Александр Карауш** (Муниципальная информационная библиотечная система г. Томска). Со стороны смежников – **Рифат Саразетдинов** (Издательская группа «ГРАНД-ФАИР»).

Таким образом, образовалась инициативная группа, которая готова выработать пути выживания библиотек в современных условиях.

Особые впечатления оставила **встреча с писателем Михаилом Веллером!** Это был разговор о нас – кто мы и куда идем, наше отношение к классикам и классике, в частности к Пушкину и о многом другом.

Как всегда было познавательным **интеллектуальное шоу «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»**, в котором играл вопрос из НАБРК - Назырова С.С. задала вопрос знатокам об имени Плюшкина. Знатоки проиграли, мы получили приз!

Интеллектуально-дискуссионная дуэль «К барьеру» на тему «Какое будущее у библиотечной профессии, и есть ли оно?» предвку-

Внимание! Дорогие читатели, обратите внимание на статью В.К.Степанова, любезно предоставленную им для перевода на казахский язык и опубликованную на страницах этого номера.

Закончилась еще одна Крымская конференция... И все уже планируют, думают и мечтают о следующей, юбилейной, 20-ой! Думаю и нам, казахстанским библиотекам, есть чем поделиться, есть над чем поразмышлять и есть чему учиться на этой очень значимой Крымской конференции!

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ӨКІЛДЕРІ *Бакуде* БАС ҚОСТЫ

Әзірбайжан астанасы – Бакуде татар халқының ұлы ақыны, публицист Ғабдолла Тоқайдың өмірі мен шығармашылығына және Әзірбайжандағы кітапхана ісінің негізін қалаған Абузар Халафовтың мерейтойына байланысты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Нұрғайша АСУБЕК,
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Құжаттарды өңдеу қызметінің жетекшісі



Үстіміздегі жылғы желтоқсанда Баку қаласында татар халқының ұлы ақыны, публицист Ғабдолла Тоқайдың туғанына 125 жылдық және Әзірбайжандағы кітапхана ісінің негізін қалаған Абузар Халафовтың 80 жасқа толған торқалы тойларына арнап Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылған-ды.

Түркия, Қазақстан, Башқұртстан және Татарстандағы мәдениет, ғылым және білім беру мекемелерінің өкілдері татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармашылығын зерделеп, тәжірибе алмасу мақсатында М. Ф. Ахундов атындағы Әзірбайжан Ұлттық кітапханасына жиналды.



Халықаралық форумда, алдымен, Ахмет-Заки Валиди атындағы Башқұртстан Ұлттық кітапханасы Бас директорының орынбасары Разиль Бикбулатов Башқұртстан Ұлттық кітапханасындағы Ғабдолла Тоқай еңбектерінің ролі мен орны туралы баяндады.

Халықаралық Түрксой ұйымының бастамасымен «2011 жыл – татар халқының көрнекті ақыны Ғабдолла Тоқай жылы» деп жарияланған болатын. Сондықтан ардақты ақынның мәдени мұрасы еуразия кеңістігінде де насихатталып отыр.

Алқалы жиын барысында Түрксой ұйымының тапсырысы бойынша «Түрксой кітапханасы» сериясымен ақын Ф. Тоқайдың шығармалары әзірбайжан тіліне тәржімаланып, «Segilmis əsərləri» – «Сайланма әсерлері» атауымен жарық көрген кітабының тұсауы кесілді. Әзірбайжан тіліне аударған – Рамиз Әскер.

Баку төріндегі басқосу аясында ұйымдастырылған кітап көрмесінде ақынның өмірі мен шығармашылығы бойынша 50-ден аса басылым ұсынылды.

Татар ұлты үшін тер төккен ұлы тұлғаның туындылары – түркі халықтарының да төл мұрасы. Тағы ескеретін жайт, 1895 жылы азаттық жыршысы Ф. Тоқай

Халафовтың 80 жасқа толған торқалы тойына арналды. Абузар Алиоглы – Баку Мемлекеттік университеті Кітапханатану кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Абузар Халафов – кешегі посткеңестік кеңістік аумағындағы кітапхана ісі тарихы бойынша тұңғыш ғылым докторы әрі әзірбайжандық кітапханатану ғылымына қатысты мектептің негізін салушы. Профессор А. Халафов бірнеше жыл бойы Мәскеудегі докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі ретінде қызмет атқарған.

Конференция жұмысына Әзірбайжан Республикасы Мәдениет



Орал қаласына келіп, Мутыгия медресесінде білім алған. Оралда Ф. Тоқай атында көше бар. Сондықтан, кезінде шығармашылығымен Алаш зиялыларын рухтандырған арқалы ақын мерейтойының қазақ елінде де атап өтілуі – заңды құбылыс.

Келесі конференция Әзірбайжандағы кітапхана ісінің негізін қалаған бірегей ғалым Абузар Ха-

және туризм министрі Абульфас Караев арнайы қатысып, форумның маңыздылығын атап өтті.

Әзірбайжан елінің білім және мәдениет инфрақұрылымындағы негізгі ережелермен айналысатын ең ірі кітапханада ұйымдастырылған екі күндік конференциядан кейін мәртебелі меймандар Бакудегі тарихи орындарымен танысты.



Кенже ҚАЛЫҚОВА,
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Қорлар құру бөлімінің жетекшісі

КІТАПХАНА ІСІ

және

ТҮРКІЛЕР ТАРИХЫН ТАҢУ

Қазіргі қарқын алып келе жатқан ақпараттық сұраныстар жағдайында қоғамға қажетті болуы үшін кітапханалар қызметтері мен ақпараттық ресурстарын үнемі жетілдіруге міндеттенді.

Өзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және, Түркия елдерінің Ұлттық кітапханалары мен Ұлттық мұрағаттарының мамандары мамыр айында Түркия астанасы – Анкарадағы Ұлттық кітапханада Еуразия кітапханашылары қауымдастығының бастамасы бойынша «Кітапханашылардың қазіргі жағдайы, мәселелері және ұсыныстары» тақырыбымен өткен симпозиумға қатысып, кітапхана жүйесімен жете танысып, қазіргі кітапханалардың негізгі мәселелерін көтерді. Түбі бір түркі елдерінің басын қосып, кітапхана әлеуетін бірлесе дамытудың жаңа бір белесі айқындалып, оны жүзеге асыру алға қойылды.

Симпозиумда талқыға түскен тағы бір ұтымды ұсыныс – түркі тектес елдердің ғылыми жетістіктері бойынша бірегей мәліметтер базасын немесе ғаламтор арқылы бауырлас елдердің өзара ақпарат алмасу порталын құру болды. Нәтижесі – уақыт өншісінде!

Түркия Ұлттық кітапханасы тарих белесінде қаншама қауіпті кезеңдерден тайсалмай өтсе де, бүгінгі күні үш миллионнан аса мәдени мұраны меншіктеген. Қазіргі таңда Ұлттық кітапхана – түріктің рухани қазынасының қоймасы әрі қызмет көрсету процесстері толығымен автоматтандырылған заманауи үлгідегі мемлекеттік мекемеге айналды. Кітапханада көне қолжазбалар мен сирек басылымдарды қалпына келтіру, қайта өңдеу лабораториясы қалыпты жұмыс жасауда. Сонымен қатар, Еуропалық сандық кітапханалар құрамына өніп, жеке веб-мұрағатын да ашқан.

Анкарадағы алқалы жиынға қатысқан қазақстандық делегация құрамында астаналықтар атынан ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Түркі академиясының жетекші ғылыми қызметкері Күлзия Райымхан, ҚР Ұлттық мұрағатының бас директоры, тарихшы-ғалым Марат Әбсеметов болса, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасынан өзім өкілдік еттім.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының жетекші ғылыми қызметкері Күлзия Райымхан «Қазақстан кітапханаларының (мекемелік, музейлік) ғылыми-ақпараттық ресурстары және оны ғылыми-танымдық зерттеулерде пайдалану мәселелері» бойынша тұжырымды ой тарқатты.

«Кітапхана – ұлттық мәдениеттің маңызды саласы. Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық нәтижесін – түркілердің ұлттық руханияты тамырына қайта қан жүгірткен жаңа зерттеу орталықтарының және олардың кітапханаларының ашылуы, жаңа кітап қорларымен толығынан көруге болады. ...Кітапханасыз мекеме жоқ. Әр мекеменің кітап қоры салалық бағытына қарай бейімделіп, қоғамдағы қажеттілікке, қазіргі үдерістерді көрсететін ақпараттармен, кітаптар және мерзімді басылымдармен, библиографиялық көрсеткіштермен қамтамасыз етіледі. Бұл орайда, Қазақстандағы әлемде теңдесі жоқ «Мәдени мұра» бағдарламасының алатын орны зор екенін атап өту керек. Бұл бағдарлама нәтижесінде еліміздің кітап қорының деңгейі де, сапасы мен саны да ұлғайды. Шетелдерден

табылған көне қолжазбалардың көшірмелері елге әкелінді. «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижесінде жарияланған еңбектер еліміздің кітапханаларының қорынан орын алды. Қазақстандағы ірі музейлер де «Мәдени мұра» бағдарламасына белсенді қатысып, ғылыми зерттеулер жүргізуде. Қазақстан мекемелерінің кітапханалары мен жалпы музей қызметі, мұндағы кітаптар қорының мазмұны мен жазба жәдігерлерінің тарихы еліміздің Тәуелсіздік тарихымен бірге өзгерді. Кітапхана қорларында ел Тәуелсіздігін паш ететін туындылар көбейді», – дей отырып, автор ортақ проблеманы да тілге тиек етті, – «...Барлық отандық кітапхана қорларына қатысты өзекті мәселенің біріне түркітану, тарих, этнография, этнодемография, музейтану тәрізді ғылым салалары бойынша шетелдік ғалымдардың соңғы шыққан еңбектерінің зерттеушілерге, оқырмандарға жетпеуі не өте аз мөлшерде болуы, тіпті шетелдерде қандай еңбектер жарияланғаны жайлы ақпараттың жетпей жататыны да белгілі. Көптеген ғылыми, көне басылымдар орыс тілінде басым. Осы орайда, түркітанушы ғалымдардың түркі тілдеріндегі ғылыми еңбектерін жариялау әрі көне қолжазбаларды жинау қажет. ...Сонымен қатар, музейлік кітапхана жұмысын ұйымдастыруда жаңа технологияларды пайдалану, құнды ғылыми еңбектерді түркі тілдеріне аудару, музейлік кітапханалар арасында өзара ақпараттар алмасу мәселелерін халықаралық деңгейде шешу қажет деп санаймыз».

«Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қорын құрудың тиімді жолдарын іздестіру» тақырыбындағы баяндамада ең алдымен міндетті тегін дана мәселесі көрініс алды.

Міндетті даналар – кітапхананың кітап қорын жинақтаудың негізгі дереккөзі. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы еліміздің аумағында шығатын барлық басылымдардың міндетті тегін даналарын алу құқығына ие.

Енді Түркиядағы міндетті тегін дананы жеткізу жайына келсек, кітапханаға жылына 4500-5000 дана кітап келіп түседі екен. Ортақ порталға ұсынылатындар да – осы кітаптар.

Мемлекет қамқорлығының арқасында кітапханамыздың қоры толығып келеді. Сол ұлттық қорды қоғам мен мемлекет үшін сақтаймыз әрі ұлғайтамыз.

Кітапханамыз үстіміздегі жылы қазақ, орыс және шетел тілдерінде 1300-дей аталымдағы газет-журналға жазылды. Өз кезегінде, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы кітапхана қорының өнімді дамуына мүмкіндік берді әрі ақпаратқа еркін ену мүмкіншілігін кеңейтті және қаржылық шығынды үнемдейтін ескеру керек.

Сонымен, бұл симпозиум – ынтымағы мен бірлігі жарасқан Түркі халықтарының әлемдік өркениеттің дамуына өздігінше үлес қосып, өзара мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайтуға атсалысқандығын айғақтайтын игі шараның бастауы іспетті.

Кітапханашы

КӘСІБИ ШЫҢДАЛУЫ КЕРЕК

Кітапхана – үнемі жетіліп отыратын жанды организм іспетті. Сондықтан да кітапхананың, кітапханашының алдына жаңа міндеттер жүктеле береді.



Гүлназия АМАНЖОЛОВА,
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері

Кітапханадағы негізгі тұлға – білімді, білікті кітапханашы. Егер кәсіби кітапханашы болмаса, оқырманның болуы мүмкін бе?

Бүгінгі кітапханашы – кітапхана ісі мәселелерін сараптай білетін, оны орындау барысында өздігінен шешім қабылдай алатын, басқарумен байланысты кәсіби міндеттерді табысты меңгерген маман. Өрбір кітапханашы заман талабына сай жаңа технологияны игеріп, мемлекеттік тілді және орыс, ағылшын тілдерін де білуі тиіс. Осы міндеттерді орындау үшін әрбір кітапханашы өзінің білім деңгейін жетілдіріп отыруы қажет.

Мемлекет басшысы оқу-ағарту саласына ұдайы көңіл бөліп, білім сапасын арттыру, қазақстандық білім берудің бәсекелестік қабілеттігін күшейту және оны әлемдік білім беру жүйесіне кіріктіру мәселесін үнемі алға тартып келеді. Білім бәсекелестігі жолында Елбасымыздың бастамасымен 1993 жылы дүниеге келген Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының орны бөлек. Осылайша, қазақ жастары да шетел асып, білімін жетілдіріп, Отанына оралды.

Осы «Болашақ» бағдарламасының 2010 жылғы конкурсына қатысып, ғылыми тағылымдаманы Мәскеу қаласындағы Ресей Федерациясының жетекші оқу орындарының бірі Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде және Ресей мемлекеттік кітапханасында өткіздім. Аталған кітапхананың бір жылдық жоғары курсына табысты аяқтап, кәсіптік мамандығым бойынша жоғары дайындық дипломын, кәсіпби білім деңгейін көтеру туралы куәлігін, «Тарихнама, дерек-

тану және тарихи зерттеу әдістемесі» мамандығы бойынша сертификат алдым.


Ресей мемлекеттік кітапханасы – әлемдегі ірі кітапханалардың бірі. Кітап қорының жалпы саны – 43 миллион. Мұнда әлемнің 367 тілінде басылымдар сақталған. Кітапхана жанынан құрылған жоғары кітапханашылар курсы 1947 жылдан жұмыс жүргізіп келеді. Оқу курсында кітапханашылар мен кітапханада қызмет көрсетуші өзге мамандық иелері жоғары кітапханашылық білім алып, кәсіби біліктіліктерін көтереді.

Оқу мерзімі – 9 ай. Курс негізінен екі бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт – жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешені, екінші бағыт – тыңдаушының таңдауы бойынша факультативтік оқу-әдістемелік кешені.

Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер: Әлеуметтік коммуникация, құжаттану, кітапханатану, құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу, кітапханалық каталог, ақпараттық технология, жалпы библиографиятану, кітапханадағы библиографиялық қызмет.

Оқу курсы Ресей Федерациясының кітапханатану мамандығы бойынша жоғары деңгейлі ғалымдар жүргізді. Олар: кітапханалық-библиографиялық классификациясының бас редакторы Э. Р. Сукиасян, кітаптану ісінің маманы, кітапхана туралы бірнеше ғылыми еңбектің авторы, Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университетінің профессор-оқытушылары, п.ғ.д. Ю. Н. Столяров, п.ғ.к. В. К. Клюев, профессор Л. Б. Зупарова, О. В. Шлыкова, Ресей мемлекеттік кітапханасының бірегей ғалымдары – Т. В. Майстрович, Е. Н. Гусева, Е. Ю. Елицина, Н. Н. Каспарова, О. А. Лавренова, Н. Н. Литвинова, М. Ю. Нещерет, А. В. Теплицкая, Э. А. Воскоян, Е. Н. Картышова, т.б..

Тағылымдамадан өту барысында ғылыми конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға және кітапхана ісін дамытуға байланысты ұйымдастырылған түрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік мол болды. Айталық, өткен жылғы сәуір айында Ресей мемлекеттік кітапханасында ұйымдастырылған Халықаралық «Румянцев оқулары – 2011» тақырыбындағы конференцияға, сондай-ақ Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университетіндегі «Скворцов оқулары – 2011» атты Халықаралық конференцияға, Ресей мемлекеттік кітапханасында ТМД елдерінің 20 жылдығына арнап ұйымдастырылған дөңгелек үстелге қатыстым. Баяндамаларым конференция қорытындысы бойынша әзірленген ғылыми жинақтарға енгізілді. Басқосуларға Белоруссия, Өзбекстан, Украина, Қазақстан және Ресей



ғалымдары, білім және ғылым қайраткерлері, кітапханашылар көп жиналды.

Білімімді ұштай жүріп, Қазақстан, Ресей басылымдарында, мәселен, Мәскеудегі аймақтық «Қазақ тілі» газетінде академик М. Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Ғалым мұрасы – халық игілігінде», Румянцев оқулары конференциясы бойынша жинақта «Наследие ученого – достояние народа», Скворцов оқулары конференциясы бойынша жинақта «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының жұмысы туралы «Организационные аспекты работы научного центра «Библиотека Отырар», «Вестник Библиотечной Ассамблеи Евразии» журналында «Сокровищница человеческого знания», «Библиотечное дело» журналында «Работа для вечности: наследие Алкея Маргулана в научном центре «Библиотека Отырар» және басқа да мақалаларым жарық көрді.

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті бұрынғы қызмет орным болғандықтан бас ғимаратта орналасқан кітапхананың жұмысымен танысуда еш

қиындық кездеспеді. Кітапхана директоры Л. В. Мареева университет кітапханаларында жүргізіліп жатқан жаңа технологиялармен таныстырып, болашақта халықаралық байланыс төңірегінде жұмыстарды жандандыру керектігін ашып айтты. Университет кітапханасындағы сирек кітаптар саны – 40 мыңға жуық. Негізінде, XVIII-XX ғасырлардағы орыс және шет тілдерінде жарық көрген кітаптар мен мерзімді басылымдар сақталған. Айғақ ретінде А. С.



Пушкиннің 1826 жылы басылған «Стихотворения», Н. В. Гогольдің 1836 жылы жарияланған «Ревизор», А. С. Грибоедовтың 1839

жылы басылған «Горя от ума», В. Брюсовтың 1909 жылы шыққан «Испепеленный» атты еңбектерін атай аламыз.

Мәскеу – тарихи қала. Тарихи ескерткіштер мен музейлерге бай. Көне мұраларымен жете танысу мақсатында музейлерге, мәдени мекемелерге бірнеше рет барып, көрмелерін тамашаладым.

Ресейдегі Қазақстан елшілігінде өткен С. Харченконың: «Казахстан: от суверенитета к мировой конкурентоспособности» атты кітабының, Елшіліктің I хатшысы, филология ғылымының докторы, ғалым С. Байменшенің Мәскеу қазақтары туралы «Мұрагер» атты кітабының тұсаукесерлеріне, Наурызға арналған мерекелік шараларына қонақ болдым.

Қазақстан Елшілігі ғимаратының алдында «Таза тоған» орамында орналасқан Абай ескерткіші қазақ-орыс халықтары арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан шынайы достықтың белгісі деп есептеймін.

Бұл алаңға Ресей қазақтары, Мәскеуге келген қазақтар жиі барады, оны атамекеннің бір бөлшегі деп біледі. Мен де Абай

бабамыздың рухына тағзым етуді жөн санадым.

Ресей мемлекеттік кітапханасының «Кітап мұражайында» Ресейдің тұңғыш баспагері И. Федоровтың 1564 жылы жарық көрген «Апостол» атты кітабымен, И. Федоров жайлы жазбалармен де таныстым.

«Кітапханашыларға арналған кітапханаға» да ат басын тіреп, кітаптану, кітапханатануға байланысты мәліметтермен қанықты. Анығында, кітапханада салалық материалдар, атап айтсақ, оқулықтар, кітапханалық, библиографиялық съезд материалдары, газет-журналдар өте көп.

«Библиограф» (1888-1889), «Библиотекарь» (1910-1915), «Красный библиотекарь», «Научные и технические библиотеки» журналдарының 1961 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі тігінділері сақталыпты. Қазақстандық «Ұлттық кітапхана» журналының бірнеше нөмірін көзім көрді.

Ресей мемлекеттік кітапханасы жанынан көптеген кәсіби журналдар шығарылады. Олар: «Библиотековедение», «Библиотечное дело», «Вестник Библиотечной

Ассамблей Евразии», «Обсерватория культуры», «Медиатека и мир», «Новости международной федерации библиотечных ассоциаций и учреждений», «Восточная коллекция».

«Шығыс әдебиеттері орталығына» арнайы барып, қазақша кітаптар каталогын қарап шықтым. Материалдардың барлығы қазақ тілінде жазылған. «Абайдың қара сөздері» мен ҚР Президенті Н. Назарбаев жайлы жаңа кітаптарды (әр алуан авторлардың) сыйға тарттым.

Ресей мемлекеттік көпшілік тарихи кітапханасына да саяхат жасап, Қазақстан тарихына қатысты кітаптармен таныстым. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылғы сандарынан алған маңызды мәліметтер диссертациялық жұмысыма көмекке келері аян.



Химки қалалық кітапханасының газет-журналдар және диссертациялар залындағы ескі баспасөз өнімдерімен жұмыс жасаудың да сәті түсті. 1937-1938 жылдардағы «Социалды Қазақстан» газетінде латын әрпімен жарияланған М. Қаратаев мақалаларын таптым.

Жоғары кітапханашылық курсты бітіріп, оқу бағдарламымен толық танысқан соң, мұның қазіргі кітапханашылар үшін маңыздылығын түсіндім. Сол сәттен «біз неге осындай курс ашпаймыз?» деген сұрақ санамды биледі. Әрине, бұл – бір ғана адамның қолынан келетін іс емес. Десек те, ойланатын мәселе! Себебі, әрбір кітапханашы білімін жетілдіріп, курстан өткен соң, жұмысқа деген көзқарасы өзгеріп, ынтасы оянары анық.

Жиырма үш жыл бойы тер төккен кітапханашылық тәжірибеме қарамастан, жоғары курс арқылы білім-білігімді көтергеніме қуанамын. Өйткені бұл менің жаңа мақсаттар қойып, оған жетуіме жол ашып берді. Оқудың, білім жетілдірудің ерте-кеші жоқ. Сондықтан әріптестеріме кәсіби деңгейлеріңізді көтеріңіздер деп кеңес берер едім.



175 билей старейшей библиотеки

В прошлом году Национальная библиотека имени Ахмет-Заки Валиди отметила свой 175-летний юбилей. К этой дате в г. Уфе Республики Башкортостан состоялась международная научно-практическая конференция «Роль и место Национальной библиотеки в социокультурном пространстве».

Были приглашены представители Российской государственной библиотеки (г. Москва), Национальных библиотек стран-членов ТЮРКСОЙ (Турция, Казахстан, Азербайджан, Узбекистан, Татарстан), Национальной библиотеки Удмуртской Республики, Санкт-Петербургского политехнического университета, библиотек Челябинской, Оренбургской областей, Башкортостана, книготорговые и книгоиздательские организации. Честь представить нашу библиотеку выпала мне.

На повестку дня был вынесен ряд актуальных вопросов, среди которых деятельность национальных библиотек по сохранению духовно-культурного наследия народов Евразии, удовлетворение информационно-культурных запросов мультикультурного населения, роль библиотек в продвижении национальной книги, создание региональных и национальных электронных ресурсов, развитие национального книгоиздания. В своем выступлении я рассказала коллегам о НАБ РК как о библиотеке нового поколения. Участников заинтересовала информация о нашем фонде, электронных ресурсах, автоматизации, КазНЭБ и т.д.

С директором Национальной библиотеки Азатом Ибрагимовым были обсуждены вопросы сотрудничества и книгообмена. Сотрудниками библиотеки идет обработка арабграфичных документов, которые имеются в фонде, в частности перевод на

башкирский и русский языки. Из-за недостаточного финансирования эта работа у них продвигается очень медленно. Среди сотрудников библиотеки мало специалистов-переводчиков с арабского языка, а привлечение их со стороны требует дополнительных затрат.

По итогам работы конференции была принята резолюция, в которую вошли следующие предложения: принятие Программы поддержки и развития чтения; ходатайствовать перед правительством об объявлении 2012 года – Годом чтения в Башкортостане.

Национальная библиотека имени Ахмет-Заки Валиди является одной из крупнейших региональных библиотек России. Если заглянуть в историю, то первой государственной библиотекой на территории Башкортостана была губернская публичная библиотека, открытая 25 марта 1836 года в здании Дворянского собрания.

Оренбургский гражданский губернатор Гевлич и губернский предводитель дворянства, полковник Тимашев постановили: « ... открыть в Губернском городе Уфе публичную библиотеку, поместив оную в комнате дома дворянского Собрания ... звание попечителей губернской публичной библиотеки предоставить принять гражданскому губернатору, губернскому предводителю дворянства и директору оренбургских училищ, согласно их желанию; заведывание библиотекой поручить секретарю дворянского собрания, титулярному советнику Шевякову ... главная цель открытия ныне публичной библиотеки состоит в сохранении поступивших уже для оной книг и журналов, и в приумножении оных добровольными приношениями...» (Облгосархив, Ф-6, оп.5, д. 11141, л. 1-4). Таким образом, открытие первой губернской публичной библиотеки является точкой отсчета в истории Национальной библиотеки.

На сегодня фонд Национальной библиотеки насчитывает свыше 3 млн. экземпляров документов по всем отраслям знаний на более чем 20 языках. Библиотека хранит рукописные книги 15-16 веков (более 200 экз.) по философии, логике, народной медицине, праву, языкознанию; первые и прижизненные издания знаменитых русских писателей; книги с автографами и экслибрисами библиотек Н. К. Блохина, А. Ф. Смирдина, Дашковых; произведения восточных писателей, изданные в 18-19 веках; справочную литературу, газеты и книги, изданные на территории Башкортостана в 19-начале 20 века. Ценной по

содержанию и составу является коллекция личной библиотеки Дашковых. Редкий фонд библиотеки насчитывает около 40 тысяч единиц хранения, из них 13 тысяч арабграфических изданий. Среди них первый перевод Корана на русский язык, выполненный в 1716 году.


Библиотекари Башкортостана проводят большую работу по сохранению историко-культурного наследия, краеведению, формируют фонд «Память башкирского народа». Большой упор делают на продвижение чтения, национальной книги. Ежегодно проводятся республиканские конкурсы «Лучшая башкирская книга года», «Лучшая библиотека РБ», «Лучший библиотечный сайт» и другие, способствующие повышению квалификации библиотекарей.

Предположительно в редком фонде НБ РБ имеются документы на арабском языке, касающиеся Казахстана и казахских писателей, которые в свое время учились в Уфе в медресе «Галия», открывшемся в 1906 году и просуществовавшем до 1919 года при второй Уфимской соборной мече-

ти. Основателем его был З.Камалетдинов на средства купца С.Назырова, дворянки С.Джантуриной-Тевкелевой и других. Основное место в учебной программе занимали традиционные дисциплины: история и философия ислама, толкование Корана, жизнь пророка Мухаммеда, а также языки: арабский, турецкий, русский. Ахмет-Заки Валиди, имя которого присвоено Национальной библиотеке Башкортостана, преподавал историю тюркских народов. В свое время в медресе «Галия» получили знания целая плеяда казахских ученых и писателей, среди них классики казахской поэзии Магжан Жумабаев, Беимбет Майлин, Габиден Мустафин и другие. Я посчитала своим долгом побывать в бывшем здании медресе, так как в нем когда-то учился мой отец Ибраев Хамза. Об этом написано в книге известного писателя Т. Какишева «Садак», «Сандалтқан «Садак».

Каиркен НУРАЛИНОВА,
заместитель руководителя
Центра развития библиотек НАБ РК





Вадим СТЕПАНОВ,

Мәскеу Мемлекеттік Мәдениет және өнер университеті
Электронды кітапханалар, ақпараттық жүйе және тех-
нологиялар кафедрасының профессоры

ЦИФРЛЫ КОНТЕНТТИ РЕСМИ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КІТАПХАНАЛАР

Интернет технологиясы саласы бойынша ресейлік бірегей маман Вадим Константиновичтің «сандық дәуір және кітапхана ісі» бойынша материалын мемлекеттік тілде ұсынып отырмыз. Мақалада цифрлы әлемдегі ақпарат таратушылар, баспагерлер мен кітапханалардың өзара қарым-қатынасының күрделі де өткір мәселелері көтерілген.

Цифрлы технологияға жаппай ауысу адамзат дамуының қазіргі сатысын анықтайтын бірден-бір фактор болып саналады. Тұрмыстың барлық саласына терең бойлаған цифрлы қосымшалар мен өндірісті түбегейлі өзгертетін тәсілдер, экономика, ғылым, мәдениет, білім және демалыс негізі, бұлардың бәрі қазіргі өркениеттің іргетасы іспетті, сапасы бөлек технологиялық парадигма ретінде айқын сезіледі. Өзінің мәнмаңызы жағынан цифрлы кезең қола немесе темір дәуіріне, бу немесе электр ғасырына әділ үйлесуі мүмкін.

Барлық ақпараттық әлеуеттің цифрлы қалыпқа қарай түрлендірілуі көптеген салалардан қазіргі күнге дейін болмаған ғаламат өзгерістерді талап етеді. Дәстүрлі «мүліктік» нысандар (кітаптар, мерзімді басылымдар, графикалық бейнелеулер, аудио-бейне жазбалар) мүлде басқаша құрылатын, сақталатын және таратылатын бірліктер мен нөлдердің елеусіз ағындарында қайта жаңарады. Бұл

тағдыр мәдени мұралардың, кино және телеөнімдердің ең өзекті тарауын зерделетті. Алдағы үш-бес жылда әлемнің озық технологиялы елдерінде мерзімді басылымдардың негізгі жинағы цифрлы форматта түрленетін болады¹.

«Негізгі» өнімдер табиғатының өзгеруі ақпараттық қызметтегі барлық аспектілерге кең ұғымда алсақ, ең алдымен, баспа ісінің, музыка мен киноиндустрияның экономикалық тармағына айтарлықтай ықпал етеді. Мұның себебі – зияткерлік меншік нысандарын өндіру және тарату тәсілдерінің өзгеруінде, бұларға, басқалармен қатар, кітап, аудио-видео жазбалар да жатады. Егер сандық ғасырға дейін баспа туындылары түріндегі зияткерлік меншік өнімдерін өндіруге әрі таратуға арнайы полиграфиялық күш пен кітап таратудың көп салалы желісіне мұқтаждық болған болса, енді цифрлы ортада кітаптардың электронды нұсқаларын әзірлеу мен тарату қандай да бір қатаң күшсіз-ақ Интернет пайдаланушы екі миллиардтай аудиторияның көз келгеніне бір кезеңде іске асырылуы мүмкін.

Электронды басылымдар Желісі арқылы бағдарламалар әзірлеудің жеңілдігі (көп мөлшерде – аудиожазбалар мен кинофильмдер), өзінің жақсы жақтарына қарамастан, қазіргі баспа бизнесі, музыка мен киноиндустрия үшін басты мәселенің біріне айналды және шығармашылық туындыларын шығару ісіндегі шынайы дағдарыстың асқынуына алып келді. Интернеттен кітаптар, музыкалық жазбалар мен кинофильмдерді ақысыз көшіруге мүмкіндік алған Желі тұтынушылары, кейде бұлардың сапасы түпнұсқасынан еш кем түспейді, ресми жабдықтаушылардан осы

өнімдерді сатып алуға құлшыныс танытпауы заңдылық. Зияткерлік еңбек өнімдерін өндірушілер мен таратушылар Қызметі осы жағдайда мәнмаңызын жоғалтады, сондықтан инвестиция өндірісіне бөлінген қаражат орны өтелмейді, бұдан бөлек кірісте келтірмейді. Зияткерлік контенті өндірушілер, бұлар үшін іс-қимыл шарттары бизнестің пайдалылығы саналады, цифрлы формадағы зияткерлік меншік өнімдеріне деген қолжетімділікті барынша шектеуге әрі өнімдерді заңсыз таратудан келген шығынды өтеуге қолайлы қосымша салықтарды енгізуге талпыныс жасап, заңдарды күшейту жолымен мә-

шылар мүддесіне соққы береді.

Ахуалдан арылу жолына зияткерлік меншік нысандарының заңды айналыс жүйесін құру жатады, сол арқылы негізгі пайдаланушы: оқырмандар, тыңдармандар, көрермендер тәрізді авторлар мен шығарманы орындаушылар, баспагерлер, телеарналар, кино және музыка студиялары да бір мезгілде мұқтаждық есебін қарастыра алады. Әлбетте, осы секілді жүйелерді құру, мұның ерекшелігі батыс елдеріне біртіндеп ене бастайды, зияткерлік меншік нысандарына ақылы өнуді жүргізуге негізделеді. Мұндай шешім, сөзсіз, экономикалық мақсатқа сай келеді, бірақ бұл тәрізді жүйелерді

Электронды басылымдар Желісі арқылы бағдарламалар әзірлеудің жеңілдігі... қазіргі баспа бизнесі, музыка мен киноиндустрия үшін басты мәселенің біріне айналды.

селені шешуге әрекеттенеді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, бұл өлшемдер аса тиімді емес. Біріншіден, бөгде біреудің меншігіне саналатын Файлдар желісіндегі айналымға бақылау жасаудың қиындығы себеп. Екіншіден, көтеріңкі салықтар нәтижесінде ең соңғы тұтынушыға да қызмет құнын арттыруға алып келеді және ешқандай мәселені шешпейді, керісінше, заңды құқық иеленушілерге қатысты қоғамда наразылық туындайды.

Мұндай жұмыс жағдайының нәтижесінде экономика үшін қатер келтіретін жабық сала: тұтынушылардың көбінесе пираттық өнімдерді пайдалануынан жаңа «тауарлар» шығаруға өндірушілердің ынта-жігері жасиды. Ресми тауар айналымы болмаған жағдайда мемлекет заңды салықтық аударымдарды ала алмайды, бұл бюджетті кемітеді әрі пайдалану-

құру көпшілікке қолжетімді ресурстардан көркемдік және ғылыми жағынан өзекті де құндыларын «жасырады», сонымен еліміздің азаматтары арасында ақпараттық теңсіздік еріксіз туындайды.

Цифрлы дәуірге дейін зияткерлік контентке жаппай өнумен қамтамасыз етуге тартылған қоғамдық институтқа кітапханалар кірістірілді. Іргесі қаланған кезеңнен бастап бұлар дәстүрлі түрде баспа өнімдерінің барлық түрін, грамофон күйтабағы мен магнитті лентадағы видеожазбаларды да жинап, өңдеп, сақтап әрі уақытша пайдалануға ұсынуда². Осылай пайдаланушылардың қаржылық мүмкіндіктерінің деңгейіне қарамастан ғылым мен өнер туындыларының көп түрлілігін тұрақты түрде кеңейтуге қарай қоғамдық қолжетімділікпен қамтылады.

¹ Начиная с апреля 2011 г. интернет-гигант Amazon продаёт больше электронных книг, нежели бумажных. На каждые 100 проданных в США печатных изданий приходится 105 изданий для Kindle (<http://pro-books.ru/sitearticles/7294>).

По данным Ассоциации американских издателей в феврале 2011 г. Объём продаж электронных книг в США впервые превысил показатель продаж бумажных книг (<http://www.kommersant.ru/doc/1621894>).

Ақпараттық алқаптардың табиғи өзгерісі – оны цифрлы формаға түрлендіру – кітапханалардың рөлі мен мән-маңызын мойындатпайды. Ресейдегі зияткерлік өнімге деген құқықты иеленушілер кей кезде әділ, ал кейде түсініспеушіліктердің салдарынан, заң тәртібімен цифрлы формадағы мәліметтермен жұмыс кезіндегі кітапханалардың мүмкіндіктерін шектейді.

қарастырылады.

Кітапхана үшін апатты жағдай, тұтас мемлекетке де, оның әрбір азаматына да аса тиімсіз, десек те цифрлы коммуникация жүйесіндегі кітапханалардың ролін жете ұғыну әрі қайта қарастыру есебінен жеңіске жетуіміз де мүмкін. Қолданыстағы кітапханалық желі, басқа емес, зияткерлік еңбек өнімдерін таратудың негізгі арнасының бірі ретінде қол-

заңды жүгіну жүйесін елімізде қалыптастырудың бірден бір шарты саналады және жақын болашақтағы қоғамдық институт ретінде кітапханаларды сақтауға негіз болады.

Ең алдымен, Азаматтық кодекске өзгерту енгізу керек. Атап айтқанда, 1274-баптың 2-тармағындағы «Шығармаларды ақпараттық, ғылыми, мәдени немесе оқу мақсатында емін-еркін пайдалану» деген тізбекті мынадай немесе мағынасы жағынан жақын етіп редакциялап көрсетуге де болады: «Кітапханада азаматтық айналымға заңды кірістірілген шығармашылық нұсқалар уақытша ақысыз пайдалануға ұсынылған жағдайда, бұл қолданыс автордың немесе басқа да құқық иеленушінің келісімінсіз әрі сыйақы төлемінсіз жіберіледі. Сонымен сандық қалыптағы шығарма нұсқалары кітапхана ғимаратында, мұнан тыс, осы ретте Интернеттен компьютерлік желі арқылы ұсынылуы мүмкін».

...экономика үшін қатерлі жабық сала: тұтынушылардың көбінесе пираттық өнімдерді пайдалануынан жаңа «тауарлар» шығаруға өндірушілердің ынта-жігері жасиды.

Азаматтық кодекстің IV тарауы 1274-бабына сәйкес кітапханада уақытша ақысыз пайдалануға ұсынылатын цифрлы формадағы туындылар, соның ішінде кітапханалық қорларды өзара пайдалану жүйесінде, сол шығармалардың сандық нұсқадағы көшірмесін жасау мүмкіндігін есепке алмағанда жағдайда да кітапхана ғимаратында ғана берілуі мүмкін. Осынша аз-кем қызмет тізбесі оқырмандардың интернет-сервисіне қатысты қызығушылығын ең төменгі деңгейде қанағаттандыруы мүмкін. Нәтижесінде кітапханалар цифрлы коммуникацияны құрушы жүйелерге анығында қосыла алмайды. Баспа өнімдерімен жұмысты еріксіз шектеп, бұлар өздерінің байырғы міндеттерін атқаруға да күші келмейді және цифрлы инфрақұрылымдарды әрі қарай дамыту өлшемдері бойынша әлеуметтік мәртебесі әлсіз, ескі әрі елеусіз мекемеге айналады². Осы көріністегі кітапханалар жеке ұйымдардан бастап тұтас мемлекеттен аяқтай отырып, өз құрылтайшыларының бюджетіне келген кедергі ретінде жиі

даным табуы мүмкін немесе міндетті. Осылай кітапханалар өздерінің табиғатына қарай қатардағы мекемелермен тең тұру мүмкіндігіне ие, сол арқылы азаматтар қазіргі кітап, аудиозаңба, кино өнімдері және цифрлы форматта берілген басқа да зияткерлік туындылардың көптеген түрлерін уақытша пайдалануға ала алады.

Кітапханалардың еліміздегі ақпараттық нарықтың негізгі ойыншылары қатарына қайта оралуы екі бағыттағы жауапты жұмыстарды талап етеді. Алғашқысы заңды шығармашылық қызметпен байланысты болса, екіншісі – шығармашылық еңбек өнімдеріне кітапханалық қолжетімділікті ұйымдық-техникалық іске асыруға қатысты. Заңды шығармашылық қызмет сандық қалыптағы туындылардың нұсқалары азаматтық айналымға заңды кірістірілген кітапханаларға сұрау салу үшін кедергіні жою керек. Кітапханалардың әділ бөлінісі ресми жабдықтаушылар тартып, сандық ресурстардың сан алуан түрін оқырмандарға «ұсыну» интеллектуалды контентке

Өз кезегінде, цифрлы контенттен оқырманға «ұсыну» кітапханалық қордың цифрлы құраушысына қарай зияткерлік меншік құқығын «ұқыпты пайдалану» ұғымының құқықтық аспектілерін нақты әрі толық зерделеуі мүмкін емес. Кітапханалар өздерінің уақытша пайдалануға ұсынған цифрлы көшірмелерінің пираттықтық дереккөзге айналмауы үшін барынша мүмкіндік жасауға міндетті. Шетелдік тәжірибеде дәлелденгендей, мұндай жағдайдағы ұтымды шешім міндетті түрде алдын ала ескертумен шығарылады, сондай-ақ кітапханалық материалдар тек жеке мақсатта пайдаланылуы мүмкін әрі ешқашан үшінші тұлғаға ұсынылмауы немесе Желіге жайғастырылмауы (цифрлы формадағы оқырманға берілген мәліметтің әрбір беті тиісті дисклеймермен жиі жабдықталады)

² Разумеется, виды носителей информации менялись с течением времени. Основу фондов библиотек в разные исторические эпохи составляли глиняные таблички, папирусные свитки, берестяные грамоты или рукописи на пергаменте.

³ По данным ГИВЦ с 1996 по 2009 г. общее число российских библиотек сократилось с 53 470 до 46 697.

мүмкін емес. Кітапханада ұсынылған қорларға заңсыз әрекеті үшін жауапкершілік, осы жағдайда нақты оқырманға толығымен жүктеледі.

Осы мәселе бойынша Ресейлік тәжірибеде кітапханалық материалдарды «жеке мақсатта көшірудің» шегі нақты айқындалып, АҚ-тің 1273-бабында «Шығармаларды жеке мақсатта емін-еркін көшіру» де орынды аталған. Әлгінде ғана ескертілгендей, 1274-баптың 2-тармағындағы «Шығармаларды ақпараттық, ғылыми, мәдени немесе оқу мақсатында емін-еркін пайдалану» цифрлы формадағы туынды нұсқаларына қарай берілімі (қолжетімділік) көрсетілуі керек, сол шығармаларды жеке мақсатта ғана пайдалану мүмкіндігі жайлы кітапхана оқырмандарына міндетті түрде мәлімдеген жағдайда жүзеге асырылады.

Анығында, цифрлы массивке кітапханадан тыс жан-жақты қолжеткізу мүмкіндігі оқырмандарға алған деректерін заңсыз таратқаны үшін жауапкершіліктің артуымен үйлесім табуы тиіс. Заңгерлердің пайдаланушылардың жауапкершілік деңгейі мен бақылау механизмдерін тез анықтауына тура келеді. Осы саладағы олқылықтар, алып күш тәрізді құқық иеленушілердің мүлтік мүддесіне біраз залал келтірсе, тіпті оқырман билетінен айыру емес, бас бостандығынан айыруға дейін нақты жазаға тартылуы тиіс. Кітапханалар арқылы ақылы цифрлы контентке азаматтардың қолжеткізілімін реттеу тәртібіндегі детальді және қамтушы қалыптардың құқықтық мәселелерін қатар шеше отырып, осы процессті іске асырудың ұйымдық-техникалық тетіктерін құру қажет. Оңтайлы шешім электронды жабдықтау немесе электронды кітапханалық коллектор (үлестіру) орталығы ретінде көрсетілетін, негізі жаңа құрылымдарды құрумен аяқталады. Мұндай

орталықтардың міндетіне жалпы алғанда кітапханалардағы цифрлы ресурстарға жүгіну процесстерін техникалық жағынан жүзеге асыруға және цифрлы материалдарды пайдалануға арналған лицензия құқығын иеленушілерден сатып алу кірістіріледі.

Бұлардың қызметін ұйымдастыру құрамы кітапханалық коллекторлардың дәстүрлі міндеттеріне ұқсас келеді. Айырмашылық ақпараттық алқап және сол арқылы барлық операциялар виртуалды салаға көшетінінен көрінеді, сондықтан цифрлы файлдар жеке өндіріп, жинақтауға немесе көшіруге зәру емес. Мұның орнына негізгі мағынаны заңды құраушы иеленеді, атап айтсақ: шығарған өнімдерінен түскен кірістің құқықтық иесі екендігіне кепілдік етіп, цифрлы

Кітапхана үшін апатты жағдай... десек те цифрлы коммуникация жүйесіндегі кітапханалардың ролін жете ұғыну әрі қайта қарастыру есебінен жеңіске жетуіміз де мүмкін.

ресурстарды пайдалануға арналған лицензия шарттарының орындалуын бақылауға алу және мәмілеге келу. Шындығында, делдал іспетті көрініп, электронды жинақтау орталықтары жабдықтаушылармен де, кітапханалармен де лицензиялық келісім бекітеді. Жабық цифрлы ресурстарға заңды жүгіну процесстерін техникалық жағынан жүзеге асыру кітапханалардың арқасында арнайы БҚ-мен жабдықталған интернет сервер арқылы жүргізіледі.

Серверді иеленген электронды коллекторлар кітапхана оқырмандары қашықтан немесе кітапханаға жеке қатысу барысында меншікті құрылғысына көшірту үшін түсіре алатын материалдардың құқықтық иелерінен сатып алуға арнап жайғастырады. Осы жағдайда кітапханалар емес,

нақты коллекторлар ғана қордың сандық бөлігіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратынымен сипатталады. Бұл мамандандырылған БҚ арқылы орындалады, мұның міндетіне басқадан бөлек оқырмандарды теңдестіру, қажетті файлдардың кескінделген көшірмелерін құру, қорларды қолдану уақытының өткендігін бақылау, оған бір мезгілде қолжеткізетін оқырмандар қатары мен кітапханаға сатып алынған басылымдарға арналған лицензия санын салыстыру кірістіріледі.

Әрбір кітапханаға меншікті серверлерін құрып, қызмет көрсетуімен қамтудың ешқандай қажеті жоқ: алшақтықты болғызбайтын Интернеттің артықшылығы, еліміздің барлық кітапханаларына, аймақтарға немесе жеке ведомстволарға ар-

налған бірегей серверлік алаңды құруға мүмкіндік жасайды. Осындай бір серверде бір мезгілде он мыңдаған кітапханаға қызмет көрсетуі мүмкін. Сонымен, кітапхана оқырмандары нақ осы кітапханадан сатып алынған қорларға қолжеткізетін болады. Кітапхана міндеті қордың электронды бөліміне сұрау салу саласында шектеледі, олай болса, оқырмандар үшін әлеуеті құнды цифрлы басылымдарды, видео-аудио өнімдерін және оларға оперативті төлемді «жинақтау» ғана қажет.

Кітапханадан тыс ақылы цифрлы ресурстар айналымына байланысты ұйымдық-техникалық міндеттердің барлығын тұжырымдау әрі олардың бірнеше электронды коллекторларда үйлесуі қаражат пен күштің тиімсіз тұтынуынан еліміздегі кітапханалық

⁴ Библиотекой выдаются именно файлы, а не устройства для чтения.

желінің бәрін босатады. Нағыз коллекторды құру федеральді немесе жергілікті бюджеттен қосымша қаражат шығынын талап етпейді. Бұлардың бәрі де типтік бизнес-жобаға айнала отырып, кітапханалық ресурстар мен құқық иеленушілерден сатып алынған құндағы айырмашылықтан кіріс келтіретін болады, сондай-ақ ұсынған қызметі үшін кітапханадағы аз-кем абоненттік төлем есебінен де үмітті. Осындай орталықтың ролінде қолданыстағы кітапханалық коллекторлар тәрізді басқа да ұйымдар, мәселен, қазіргі электронды кітап дүкені ретінде қызмет атқаратын интернет-жобалар немесе кітапханалармен айрықша ынтымақтастықтағы

бас тартады. Сонымен, оқырмандар кітапханадағы топтамаларды пайдаланумен қатар, кітапханаға өздеріне қызықты деген шығармаларға сұраныс жолдай отырып, қажетті материалдарға тікелей тапсырыс беруге мүмкіндік алады. Басылымдарды, аудио және видео өнімдерді жоғары сұраныспен пайдаланушыға арнап алынған лицензия кітапхананың оқырман талабын толық қанағаттандырумен қатар, мәншікті бюджетін тиімді жұмсауына мүмкіндік береді. Жеке әрі өте маңызды міндетке, мұны іске асырудағы жетістікке кітапхана арқылы цифрлы контентке ресми айналымның жалпыұлттық жүйесін жасау мүмкіндігін айқындап,

лу барысында плеер-программаларға визуальді көшіріледі. «Үлгінің» өзі берілген файлдардың барлық түрінің мазмұнына бағдарламалық жағынан жан-жақты интегралдануы қажет, өйткені оны өшіруге әрекет ету (қорғанысты бұзу) файлдарды жұмысқа жарамсыз жағдайға әкелді.

Қорғаныстың екінші деңгейі материалдарды пайдалану мерзімінің шектелуіне негізделуі тиіс. Күнделікті кітапханалық тәжірибедегідей, әрбір кітапханада белгіленген ережелерге байланысты ұсынылатын дана (бірлік – ред.) берілген мерзімі шегінде шамадан тыс жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс. Сонымен, файл кез келген құрылғыға көшірілуі керек, ал мұнда бастапқы түсірілім жүргізілген. Пайдалану мерзімі өте келе файлдың жұмысқа қабілеті жойылады және пайдаланушы тарапынан аластатылады. Пайдалану мерзімін бақылау электронды коллектор серверінің міндетіне кірістіріледі, бұл нақты файлға арналған лицензия саны мен берілген уақытына байланысты оны, сәйкесінше, сол кітапхананың өзге оқырмандарына да түсіру үшін ашық не жабық жағдайда жасайды. Зияткерлік контентке сұраныс саласын ретке келтіруде мемлекет тәуекелдігімен нығайтып, кітапхана пайдаланушыларының маңызды құқықтық жауапкершілігі арқылы анық көп жақты техникалық қорғаудың үйлесімі, анығында, жоғарғы шартты суреттеулерді орындау барысында бұлар үшін едәуір кіріспен қамтамасыз ететін сенімді серіктеске саналатын кітапханаға қатысты цифрлы өнімдермен жабдықтаушылардың қалауына қарай оң ықпал жасайды.

Сонымен, сандық экономикадағы маңызды қақтығыстың бірі білімге және мәдени құндылықтарға ақысыз қолжеткізу тараптар арасында және зияткерлік өнімді шығарумен шұғылданатындарға шешілген болуы мүмкін. Материалдық емес тауарлар-

Кітапханада ұсынылған қорларға заңсыз әрекеті үшін жауапкершілік, осы жағдайда нақты оқырманға толығымен жүктеледі.

толық мәтінді мәліметтер базасының агрегаторлары алға шығуы мүмкін.

Ресейде аз-кем электронды жинақтау орталықтарын құру тиімді көрінеді, ал бұлардың арасындағы бәсекелестік ұсынылған қызмет деңгейін көтеретін кепіл болуына тура келеді және ұсынылған материалдар құнын негізсіз көтеруге мүмкіндік бермейді. Құқық иеленушінің, электронды коллектордың, кітапхана және оқырманның өзара қарым-қатынасы жеке қарастыруға әрі талдап тексеруге тұрарлық. Бұған негізге алынатын сипаттаманы «жан-жақты жинақтау» моделінің қолданысына жатқызуға болады, содан соң ағымдық сұраныстан нақты дереккөзіне байланысты лицензияның түгелдей не белгілі бір мөлшері (шындығы – қор құрамы мен үлгі саны) өзгереді. Бағдарламалық құрал нақты уақыттағы сұранысты автоматты түрде қадағалау қабілеттілігіне ие болуы тиіс, соның негізінде кітапханалар қосымша лицензиялар сатып алады немесе қажетсізінен

берілген материалдарды техникалық қорғаумен қамтамасыз ету жатады. Көшірудің жеңілдігі және қоғамдық қолданысқа бір-ақ рет түскен сандық нысандардың әлемдік деңгейде таралуы құқық иеленушінің жеке мүліктерінің жүйелі түрде кемуін бағамдаған кез келген жобаға аса сақтықпен қарауына мәжбүрлейді. Сондықтан кітапханалар ғана өздерінен алынған материалдардың Желіде жайғастырылмауына барынша көп кепілдік беруі тиіс. Кітапханалық бірліктерді қорғау бірнеше деңгейде қарастырылуы қажет. Бірінші саты – кез келген көшірме дербестендірілуі керек: кім (оқырман логині), қашан (нақты берілген уақыты), қайдан (кітапхананың нұсқауы) және оны қандай мерзімге алғаны тәрізді нұсқауларды өзіне сақтау. Мұндай «кітапханалық үлгі» кітаптың, мерзімді басылымдардың бірінші бетінен немесе жеке мақаладан орын алуы тиіс, видеофайлдар үшін көрініс кадрына айналады, аудиофайлдар дыбыста-

ды өндірушілердің мүддесін ұстануда әрбіреудің ақыл-ой жетістігіне қатысты құқығына кепілдік беретін кітапханалар арқылы білім мен мәдени құндылықтардың сан алуан түріне қолжеткізу арқылы шешіледі. Осылай, кітапханалар зияткерлік құндылықтарға көпшіліктің қолжеткізуі үшін қаражатын жұмсай отырып, өздеріне тарихтан телінген әлеуметтік кепілгер ролін атқара береді. Қоғамдық қолжетімділіктің қарапайым әрі қолайлы моделін құру құндылықтарға деген меншіктілік құқығы мен құндылыққа қолжеткізудегі басымдық ұранын қорғайтын сандық пираттар қызметіне моральдық негіздерді енгізеді. Мұндай қолжетімділік азаматтардың барлығын әділ қамтыған жағдайда, пираттар ісі бекзат баукеспелерді қиялшыл қыранынан айырады және бірауыздан айыпталған әрі жойқын жазалауға тұрарлық ашық қарақшылық сипат алады. Көз алдымыздағы өзгерістерге қарамастан, сандық дәуір даму жолында тұр. Аналогтық әлем құбылысына қарай бастау алған коммуникация жүйесі екпіндеп ескі кезеңге қарай жылжиды және оған қатысушылар, мейлі кино немесе дыбыс жазу студиясы, мейлі медиа агент, баспа немесе кітапхана болсын, өздерін өздері түрлендіруден кеш қалмағанының өмірлік маңызы зор, алдымен ауыстыру, өйткені бұл бақылаудан біржола шыға бастайтын оқиғаның орын алуына мәжбүр етеді.

Кітапханалық желі негізінде зияткерлік қызмет өнімдеріне ақысыз қолжеткізу жүйесін құру алдымен жарату, екіншіден көркем және ғылыми шығармашылық туындылардан кідіріссіз көңіл сергіту мүмкіндіктерін қолдана отырып, зияткерлік еңбек нәтижесінің сұраныс жағдайын жүйелендіруге қабілетті шынайы тетікке айналуы мүмкін. Ең маңыздысы, бұл айналаны ақылды да қайырымды ете отырып, азаматтарды рухани тәрбелеуге және олардың интеллек-

туалды дамуына игі ықпалын тигізуді жалғастырып, жақсылыққа жетелеу әрі асқар шыңға ақ жол сілтеу арқылы сандық дәуір кітапханаларының үмітін оятты.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК немесе НАҚТЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Құқықтық салада – төменде келтірілгендерді қамтамасыз ететін заңнамалық базаға өзгерістер енгізу:

цифрлы формадағы зияткерлік меншік өнімдерін кітапханадан тыс ұсыну мүмкіндігі;

кітапханалар арқылы қоғамдық айналысқа енгізілген зияткерлік меншік нысандарын «ұқыпты пайдалану» ұғымын қолдану;

цифрлы ақпараттық ресурстарға қатысты ұқыпты қолдану принциптерін бұзған азаматтарды қатаң жауапкершікке тарту.

2. Ұйымдық-техникалық салада:

а) Кітапхана мен құқық иеленуші арасындағы делдал саналатын электронды жинақтау орталықтарын ұйымдастыру;

б) Мынадай міндеттерді іске асыратын бағдарламалық қамтуды құру/ шектеу:

құжаттар айналымын бақылау (порталға енуді авторландыру, лицензия санын қадағалау, кітапханалық бірліктердің берілу мерзімін бақылауға алу);

«жан-жақты жинақтау» қызметін іске асыру (ағымдық сұраныстан нақты дереккөзіне байланысты лицензияның түгелдей не белгілі бір мөлшері автоматты түрде реттеледі);

кітапхананы, оқырманды, уақытты және электронды ресурсты беру мерзімін көрсету арқылы барлық кітапханалық бірліктерге бірегей идентификатор орнату.

Аударған Айсұлу СЕЙІЛОВА



Ғалым АХМЕДОВ

Ақсақ Темір жайындағы кейбір аңыз әңгімелер

...Ақсақ Темір жаулап алған елдердің халқын қырып, қалаларын қиратып, мал-мүлкін талан-таражға салғанымен де, сол елдердің ғұламаларын, өнерпаз ұсталарын өзінің астанасы Самарқандқа әкеліп, осы қаланы безендіргені белгілі, соның ізі осы күнге дейін сақталған. Екі жарым мың жылдан астам өмір сүріп келе жатқан Самарқанд Темірдің тұсында шынында да көрікті қала болғаны осы күнде де танылады.

Ақсақ Темір жаулап алған қалаларындағы кітапханаларды да өзінің астанасына жинаған екен. Өзі оқымағанымен де, ғылымның қадірін білген адам көрінеді. Осы жайында мынадай бір аңыз бар.

Күндерде бір күн Темір кітапханасына келіп отырып, бас ғұламасын шақыртыпты. Ғұлама кітапхананың есігінен кіріп төжім етіп босағада тұрып қалыпты. Сонда Темір:

– Қарт, тыңда! – деп бастайды сөзін. – Менің де өлер шағым таяу, оны өзім сезіп жүрмін. Ажал жеткен күні жаным тыныштық табар. Бірақ осы күні маған зор уайым маза бермей жүр, ол мына кітапхананың тағдыры. Осы кітапханада өзіңмен бірге отырып кеңесіп, талай таңды атқызған кездерімде мына асыл кітаптарды, осы ғылым байлығын қандай зор қиындықпен жинағанымды өзің де талай айтқанмын. Дүния жаралғаннан бергі адамзат ақылының ең қадірлі, ең жақсы, ең қымбатты туындыларын өз сарайыма жинау үшін қаншама ғұмырымды, қаншама күшімді, қайратымды жұмсадым. Тілегіме жеттім. Бірақ ой-хой, жолына жанымды қиып жинаған байлығым – кітапханам мен өлгеннен кейін тозаңға айнала ма деп қорқамын. Өйткені, бұл байлықты балаларымның сақтай алатын түрі жоқ. Егер менімен жауласатын жауымның мен өлгеннен кейін кітапханамды сақтайтынына көзім жетсе, бар байлығымды қиналмай-ақ, қарсыласпай-ақ соған берер едім. Қарт, айт! Кітапханамды мұрагерлікке қалдырсам, ертең бұл не халге түсер? Ия қарт, дұрысын айт! – депті. Сонда бас хакім қолын жоғары көтеріп Темірдің бетіне қарапты. Темір хакімнің көзқарасына шыдай алмай көзін жұмғанда мынадай көрініс пайда болыпты.



Қаланы жау шауып, астан-кестенін шығарып, үйлерді қиратып, халықты қырып, у-шу болып жатады. Соның ішінде тек өзінің сарайы мен кітапханасы ғана аман. Сол кезде бір жақтан бір адам шыға келіп: «Дүниедағы бар шындық, бар ғылым Құранда жазылған, Құранда жоқтың бәрі де өтірік, сондықтан мына кітапхананы да өртендер!», – деп айғай салады. Сол-ақ екен, сарай үстінде де үлкен жалын көтеріліп, ондағы бар Дүния, соның ішінде кітапхана да от ішінде қалады. Темір іш құсасына шыдай алмай тістерін шықырлатып ыңырысында әлгі көрініс жоғалып, басқа бір көрініс пайда болады: сарайының құлап қирап қалғанын, өзінің алтын тағының үстінде жауларының отырғанын көреді...

Сол кезде Темір оянып, хакіміне «шық» деген ишарат береді. Содан кейін сарайының бір бөлмесінде үш күн, үш түн ешқайда шықпай отырып кітапханасының жайын ойлайды. Төртінші күн дегенде ең сенімді деген адамдарын шақыртады. Оларға:

– Достарым! Менімен бірге істейтін бір жұмысты айтсам, тістеріңнен шығармауға мына Құранның алдында ант етесіңдер ме? – дейді. Жиналғандардың бәрі де:

– Ант етеміз, тістерімізден шығармаймыз! – деседі. Сонда Темір:

– Мына асыл қазынамды ешкім таппасын, ластамасын деп, жер астына көмгелі отырмын, – деп теріс айналып жылай бастайды. Қасындағы адамдар да жылап:

– Достымыз және атамыз, не әмір етсең, соны істейміз, – дейді.

Темір сол аса сенімді адамдарын түн ішінде тауға алып барып, бір қуыстан үңгір қаздырып, таң ата қалаға қайтып келеді. Сөйтіп тоғыз түн дегенде бір үлкен үңгір дайын болады. Кітапханадағы кітаптарды соған жиырма жеті күнде тасып болады. Сонсоң үңгірдің аузын таспен бітеп, үстін топырақпен көмеді. Темір сол топырақтың үстіне етпетінен жатып ұзақ жылағаннан кейін түрегеліп:

– Дүниеда жауыздық пен надандық жойылғанша осында жер астында жатыңдар, кісі көзіне түспеңдер, – деп қоштасады.

Мұсылмандарда мынадай бір аңыз бар. Мұхаммедтен кейінгі үшінші халифа (төрт шаһарярдң бірі) Ғұсман деген кісіні дұшпандары Құран оқып тұрған кезінде қылышпен шауып өлтірген екен дейді, сол Құран аса киелі мұра болып саналады. Осы Құран да Темірдің қолына түссе керек. Темір өлерінің алдында өзінің ең бір сенімді адамын шақырып алып:



– Саған соңғы өсиетім, мына хазреті Ғұсманның қаны тамған Құранды сен алып сақта, мұның қадірін сен білесің. Сонсоң, мына кітапханадағы кітаптардың тізімін де сен сақта, – деп Құранмен бірге бір дәптерді де берген екен дейді. Сол Құран әлдеқандай жолдармен Петербургтегі Эрмитажға барып түседі, тек революциядан кейін ғана Уфадағы мүфтидің қолына тиеді. (Сол Құранды мүфтиге алып барып берген Жанша Досмұхаммедов екен дегенді естігенім бар, бірақ рас не өтірігін білмеймін Ғ. А.).

Темірдің қабірі Самарқандтың қақ ортасында. Ай толған түндерде ол қабірінен шығып, ұйықтап жатқан еліне:

– Дүниеда жауыздық жойылып болды ма? Адамзат арасында адалдық, әділдік орнады ма? Адамдардың бір-біріне туыс болар күні туды ма? Жасырған қазынамды халыққа қайтаратын уақыт жетті ме? – деп айқайлайды екен. Сонда жан-жақтан:

– Жоқ, жер жүзінде жауыздық әлі баяғысындай, бәрі де надандықтың құшағында! – деген жауап естіген соң Темір ашуланып, жерді бір теуіп көріне қайта барып жатады екен. Жер сол Темірдің жерді ашуланып тепкенінен сілкінеді екен дейді.

Халық – данышпан. Ертеде, өттең хат танымай өткен талай таланттардың шалықтаған қиялынан шыққан, ел аузында қалған кейбір аңыз, ертегілерді осы күнге дейін аузымыздың суы құри тыңдамаймыз ба. Әсіресе, халық қадірлеген шешендердің, билердің, батырлардың төңірегінде сондай аңыз, әңгімелер көп болады. Ақсақ Темірдің кітапханасы жайындағы да сондай аңыздардың бірі ғой. Осы аңыздың ішінде де халықтың ежелгі арманын – адалдықты, әділдікті, адамгершілікті көксейтінін көреміз. Бұл аңыз орыс тілінен аударылып «Шура» журналының 1909 жылғы 20 санында басылыпты...

«Жұлдыз», №5, 1993 ж.

Цивилизационное значение *Великого Шелкового пути* на территории Казахстана



Олжас ШАРИЯЗДАНОВ,
кандидат исторических наук



*Д*авно канули в прошлое многочисленные взаимные контакты между государствами, обусловленные существованием Великого Шелкового пути. Возникнув во II тысячелетии до н.э. и просуществовав вплоть до XVI века, был образован и создан единый организм, необходимый для успешного развития и существования народов, проживавших в различных уголках мира.

Инновации, внедрявшиеся в быт народа посредством взаимодействия, не только не мешали собственному существованию, напротив их появление обогащало жизнь общества. Развитие событий по такому сценарию возможно лишь было в силу потребности обществом определенных изменений, которые привозили на плечах верблюдов купцы стран Востока и Запада.

Шелк, являясь главным товаром торговли, вместе с тем и выполнял функцию своеобразной международной меновой единицы. На этом основании полагается, что

шелк и есть та самая нить, которая стягивает и объединяет в единое целое различные народы. Не существовало такого общества где бы шелк не нашел своего применения и распространения.

По своему содержанию изделия и предметы, распространяемые обществами по Великому пути, неся номинальный характер осуществляли влияние одного стиля на другой, художественного образа на технику изготовления, моды на качественное содержание. Распространение нового отражалось на столкновении с традиционным, где последнее либо уступало

место инновациям, либо происходило их сосуществование.

На период включения территории казахской степи в процесс взаимобмена и взаимобогащения племена казахов создали и развивали индивидуальную культуру. Климатические особенности сыграли важную роль при организации хозяйственной деятельности, позволили развивать уникальную самобытную культуру кочевников скотоводов в степных районах и земледельцев в южных частях Казахстана.

Синтез данных способов экономического развития создавал

гармонизированное культурное общество оседлых и кочевых племенных объединений.

Именно под основанием такого ядра были созданы величайшие произведения искусства, предметов прикладного творчества и воинского вооружения, предметы быта. На сегодняшний день многочисленные подтверждения этому дают нам полевые исследования археологии, этнографии, архивные материалы.

Результаты исследований позволяют говорить, что трасса Великого Шелкового пути по территории Казахстана в основном затрагивала южную часть. В местах компактного проживания людей возникали торговые «площадки»,

функции которых заключались в организации привалов караванов, шедших из различных стран и организации международной торговли. Позднее на этих местах были образованы города.

Вместе с тем, через эти южные города уходили дорожные пути и в Центральные районы Казахстана, известные под названием Сары-Арка. Степное направление Великого Шелкового пути попадало в среду племен конных кочевников. В силу быстрой маневренности и быстроходности основного средства передвижения – лошади, получили широкое распространение товары из дальних стран, и данные районы незамедлительно были включены в систему международного торгового оборота.

Основным товаром кочевника выступали предметы, связанные с кочевым образом жизни и приспособленные как нельзя лучше под данный образ жизни. Кожа, шерсть, металл и дерево были едва ли не основным материалом для изготовления предметов быта и вооружения. При включении в торговые сношения кочевников с иностранными купцами получают распространения изделия из стекла, фарфора, различных тканей и т.д.

Свидетели ушедших событий отмечают успешное взаимодействие и развитие народов, непосредственно включенных в процесс экономического и культурного сотрудничества.

Восприятие культурных ценностей чужих культур являлось основным сущностным содержанием Великого пути. Однако данная тенденция не была единообразна и однобока, ведь процесс торговли и обмена предусматривает

особенность двухсторонней процедуры принятия новаций. В этой связи, думается, что Великий Шелковый путь являлся организмом, как внедряющим новации, так и принимающим, существовала взаимобусловленность.

Для развития торговых и обменных отношений требовалась открытость обществ к диалогу, потребность его к возможным изменениям. Такой диалог между племенами казахских земель и иностранными государствами мог состояться при способности обмениваться с другими результатами достижений.

Культура на территории Казахстана служила связующим звеном между другими народами. Она не только воспринимала необходимое для устойчивости и постоянного совершенствования собственного развития, но и передавала инновации иным культурам, иным народам. Находясь в выгодном территориальном положении, племенные объединения Казахстана осуществляли контроль в «городе и степи» Евразийского континента, что является важным рычагом функционирования Великого пути.

Важно отметить, что из-за сферы контроля над участками Великого Шелкового пути, как торговой магистрали происходили многочисленные войны и разрушения. Доминирование в этом процессе предполагало массовое развитие собственной культуры, проникновение ее в различные части мира. При всей разновекторности развития отдельных народов в системе Шелкового пути они создавали единый организм, «дрейфующий» на земных просторах.

Таким образом, культура кочевых племенных объединений, взаимодействуя с иными культурами соседних и дальних стран, составляла монолитную артерию Великого Шелкового пути, представляя особенности собственного культурного развития. Посредством взаимовлияния и взаимопроникновения мировая цивилизация познала индивидуальность и самобытность культуры кочевников казахских степей, достойно занявшее место в системе глобального развития.



Қос шебердің қолынан өрілген көркемсурет өнімдері бір-бірін қайталамайды. **Русланбек Жүнісәлиевтің** еңбегі кескіндемеге, ал **Бақытжан Әріпов** әлемі графика жанрына жақын келеді.

Қырғыз елінен арнайы келген Русланбек Жүнісәлиевтің көрмесіндегі картиналар: портреттер, пейзаждар, натюрморттар. Басым бөлігінде ұлттық бояу үлгісі үйлесім тапқан. Автор 20-дан аса халықаралық, республикалық және облыстық көрмелердің қатысқан.

Сондай-ақ ол – ҚР Суретшілері Одағының мүшесі, Астана қаласында өткен «Шабыт – 2008» шығармашыл жастардың X халықаралық фестивалының лауреаты. Чуйков атындағы көркемсурет училищесін, Қырғыз Мемлекеттік Құрылыс, көлік және сәулет өнері университетінің Көркемсурет факультетін бітірген.



Өрісті өнер өлкесіндегі *дарабоз дарындар*



Отандасымыз Бақытжан Әріповтің картиналарының көп бөлігі авангардизм мен экспрессиизм стилімен әзірленген. Мұнан суретшінің түрлі түсті көркем пастельдің ерекше бейнелеу техникасын жетік меңгергенін аңғарамыз.

Бақытжан Әріпов – ҚР Суретшілері Одағына мүше. Ә. Қастеев атындағы Көркемсурет колледжінің, Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің түлегі, мамандығы – суретші-график. Бірқатар халықаралық, республикалық және облыстық көрмелердің

«Астана 2012 – түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында мамыр айында ҚР Ұлттық академиясының кітапханасында жас суретшілер Русланбек Жүнісәлиев пен Бақытжан Әріповтің бірлескен сурет көрмесі ашылды. «Өнердегі достық көкжиегі» атты көрме галереясына 70-ке жуық картина қойылды.




белсенді қатысушысы. Астанадағы Наурыз мейрамына арнап 13 түрлі дәнді-дақылдан әзірленген киіз үй макетінің авторы (2012 ж.). Шығармашылық қызметін С. Сейфуллин атындағы Қазақ Арготехникалық университетінде оқытушылық қызметпен жалғастыруда.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновтің жас суретшілердің өнердегі өзіндік қырсыры жайлы түйгені:

«Қазақ пен қырғыз қай кезде де бір-біріне бауырлас. Қос суретшінің туындыларын көрер болсақ, қай жағында Қазақстан, қай жағында Қырғызстан... Шекарасын бөліп айту қиын. Халқымыз, салт-дәстүріміз, одан қалса ойымыз ұқсас. Елдеріміздің достығы, жақындығы өнер мен мәдениет арқылы көрініс тауып жатыр».

Қазақстан Суретшілері Одағының мүшелігіне енген қос таланттың қылқаламынан шыққан суреттер Франция, Германия, Сауд Арабиясы, Түркия, Қытай, Израиль, Латвия, Қырғызстандағы және еліміздегі жеке коллекцияларда сақтаулы тұр.



Мое МЕСТО

К сожалению, возле моего дома нет ни реки, ни парка. Поэтому моим излюбленным местом является Национальная академическая библиотека РК. Не потому что там есть все книги разных жанров, хотя признаюсь, они не раз меня выручали при выполнении домашнего задания. Библиотека и не нуждается в перечислении всех ее достоинств. Мне нравится там думать. Такое ощущение, словно левое и правое полушарие твоего мозга начинают использовать все 3-4% своей позволяемой активности. Порой мысли бывают оригинальные, главное - зацепиться. В библиотеке я часто нахожусь в общем читальном зале. Первый ряд, четвертая парта, сидение слева – обычно я сижу здесь. Наслаждаюсь видом из окна. Люди куда-то спешат, а я наблюдаю в тишине за ними. Как будто время проходит мимо. В хорошем смысле. В библиотеке время идет иначе. С пользой. Есть только ты, твоя книга и твои мысли. Ничего лишнего. Никакой суеты. Если человека в день примерно посещают 800 идей, то здесь они строятся в ряд и по очереди приходят к тебе, помогая осознать, что важно, а что нет.

Лично я готова жить в отделе абонемента. Там я могу найти почти все, что меня интересует. Лишь бы хватило жизни, чтобы все прочитать. А еще уроки английского и испанского, организованные американским уголком, способствуют желанию изучать новые языки все больше и больше.

У каждого человека есть секретное место, где он может остаться наедине с самим собой. Это может быть крыша дома, любимая скамейка возле реки или парк. Каждый каким-то образом находит свое.



Айжан ОСПАНОВА,
студентка ЕНУ им. Л. Гумилева

И одно из самых важных составляющих – столовая в зеленых тонах, с вкусной и разнообразной едой.

Иногда очень хочу стать библиотекарем. Казалось бы, сидишь, читаешь целыми днями, никто тебя не трогает. Но у библиотекарей ответственная работа – найти нужные книги. И самое завораживающее это то, что они могут притронуться к обложке книги, о существовании которой некоторые люди даже не подозревают!



Мой папа в студенческие годы допоздна засиживался в Пушкинской библиотеке. Пропадал там днями в поисках редких книг. Теперь у меня есть ответный аргумент. Я рада, что у меня тоже есть место, где я могу «пропадать». А искать я буду только знания!



Жуықта Астанада ІХ Халықаралық «Кітап өнері» байқауы өтті. Байқауға ТМД және Балтық жағалауы елдерінен 120-дан аса басылым, бұл қатарда көркем әдебиеттер, энциклопедиялар мен фотоальбомдар ұсынылған. Конкурс нәтижесінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы қоры жаңа кітаптармен толықты.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы қорында –

Маңа Кітаптар



Фирдавсий Абулқосим Шоҳнома: достан/ Абулқосим Фирдавсий; форсийдан: Ш. Шомухамедов, Ж. Жабборов, Назармат, Х. Фулом тарж. – Тошкент: Фафур Фулом номидаги нашириёт-матбаа ижодий уйи, 2011. – 736 б, X ғасырда жазылған, 60 мыңдай өлең


тармақтарынан тұратын шығармада халық қаһармандығы, еңбексүйгіштігі, гуманизмі және ынтымақ-бірлігі туралы баяндалады.

Навоий, Алишер Тўла асарлар тўплами: 10 жилдик / А. Навоий. – Тошкент: Фафур Фулом номидаги нашириёт-матбаа ижодий уйи, 2011. – 804 б.

10 томдық шығармалар жинағы. Ә. Науайдің әдеби-ғылыми мұралары мен шығармашылығы адамзат баласының ой-өрісін жетілдіру жолындағы өлшеусіз үлес деп саналады.

Пидаев Шокиржон Қадимги Ўзбекистонда буддавийлик ва буддавий мерос: китоб-альбом / Ш. Пидаев. – Тошкент: Ўзбекистон, 2011. – 120 б.

Бұл басылым біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықтар кезеңіндегі, сондай-ақ б.э. дейінгі II-V ғасырлардағы Ежелгі Өзбестанның оңтүстік аймақтарында буддизмнің шығу тарихы мен дамуы туралы баяндайды.



Navoiy O'tmishi gadim, kelajagi nurli diyor: [китоб-альбом] / тузувчи муаллифлар: Р. Сулайманов, Р. Хайдаров, С. Иноятгов, Е. Некрасова ва бошқ.; суратчилар: Р. Яруллин, А. Нуруллаев, Ф. Қурбонбоев ва бошқ.; ишчи гуруҳи: Р. Хайдаров, С. Ахмедов, Е. Рябова ва бошқ.; Масъул муҳаррирлар: М. Қаршибоев, М. Бўронов. – Тошкент: Маънавият, 2011. – 320 б.

Әсем бесендірілген альбом Өзбекстан Республикасының ең ірі және келешегі кемел аймақтарының бірі – ұлы Науаи есімімен аталып, теңдессіз табиғи-мәдени байлықты игерген ежелгі өлкенің келісті кейпін көз алдыңызға келтіреді.

Археологическое наследие Белоруси = Archaeological Heritage of Belarus / сост. авт. вступ. ст. О. Н. Левко, науч. ред. А. А. Коваленя, О. Н. Левко. – Минск: Беларусь. наука, 2012. – 192 с.



Альбом знакомит с материалами, раскрывающими богатство и своеобразие культуры белорусских земель с глубокой древности и до конца XVIII века.

Рарытэты Нацыянальнага гістарычнага музея Рэспублікі Беларусь: фотоальбом / уклад. аут. тэксту Н. У. Калымага, А. І. Ладзісаў, фота К. Л. Дробаў, В. А. Сібрыкаў. – Мінск: Літэратура і Мастацтва, 2011. – 64 с.

Альбомда Беларусь Республикасы Ұлттық тарихи музейінің раритетті топтамалары ұсынылған.

Михаил Васильевич Ломоносов. К 300-летию со дня рождения: по материалам Музея М. В. Ломоносова

/ авт-сост. М. Ф. Хартанович, Н. П. Копанева, отв. ред. Ю. К. Чистов. – СПб. : Петроний, 2011. – 96 с. На базе материалов музея М. В. Ломоносова представлена картина разносторонней деятельности ученого, прослежен весь его творческий путь. Иллюстрации альбома являются изображениями экспонатов и архивных документов музея.



Иконопись и алтарная живопись Беларуси XII-XVIII веков = Іканапіс і алтарны жывапіс Беларусі XII-XVIII стагоддзяў = Icon painting and altar painting of Belarus XII-XVIII centuries / автор текста и сост. Н.Ф. Высоцкая . – Минск : Беларусь, 2012. – 231 с.

В книге рассказывается об основных этапах развития, особенностях иконописи и алтарной (сакральной) живописи XVII-XVIII веков.

Ахундова, Эльмира Друзей моих прекрасные черты... / Э. Ахундова – Баку : CBS, 2011. – 512 с.



Серия блистательных литературных портретов, отточенные художественные рецензии, проникновенные эссе о людях самых разных профессии и социальных положений, внесших особый вклад в развитие Азербайджана.

Сайма – киргизская вышивка / В. Кадыров. – Бишкек: Раритет, 2012. – 56 с.

Фотоальбомда қырғыз кестесі үлгілерінің фотосуреттері, сондай-ақ ұлттық нақыштың көптеген түрлері келтірілген.

Опішнянська Мальована Миска другої половини XIX – початку XX століття : у зібранні Російського етнографічного музею в Санкт-Петербурзі / автор – упорядник О. Пошивайло, художник Ю. Пошивайло, фотограф Т. Пошивайло. – Опішне: Українське Народознавство, 2010. – 632 с.

Альбом посвящен самой большой и самой ценной в мире коллекции глиняных расписных мисок, изготовленных гончарами всемирно известной столицы украинского гончарства – местечка Опошни. Большинство произведений публикуется впервые.





Алина ЖОГУЛОВА

Уверенно шагая каждый раз,
Довольные успеху и прогрессу.
Мы забываем тех, кто рядом здесь сейчас.
Плывущие не по волне успеха.
И стоит сделать шаг и просто обернуться,
А там лишь пустота, и страх души коснулся!
Так прежде сделав шаг, ты посмотри, кто рядом.
И руку протяни, довольно бросив взглядом.
И ты не жди оаций и восторга,
Ведь важен только результат.
А дальше он пойдет своей дорогой
Бросая тот же довольно добрый взгляд.
И эту цепь не нужно, слышишь, рушить.
Ее лишь нужно смело передать,
И обернувшись ты однажды,
Ты не посмеешь никогда ее прервать!

- Ты веришь в чудеса? А я вот верю!!!
- Творишь ли ты добро? А я творю!!!
- Ты веришь в сущность БОГА,
в силу мысли?!
Все это я БЛАГОТВОРЮ!!!
Благодарю я солнце, землю.
Благодарю и утро, и зарю.
И каждую частичку голубого неба.
Все это я ЛЮБЛЮ!!! ЛЮБЛЮ!!!
Ценю я искренность и честность,
И тот мешочек, что внутри тебя –
пусть светит ярче солнца!
И все это зависит только от тебя!!
Ты просто верь, что ты однажды,
Проснешься утром и поймешь,
Что нет ничего важнее в жизни,
Чем искренность, надежда и любовь!!!

КАПРИЗНАЯ ЧИТАТЕЛЬНИЦА



Доя в царстве книг



Почитай,
пожалуйста!




НАБ РК
глазами читателей



Адамның адамшылығы... жақсы ұстаздың болады.
Абай Құнанбаев

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ



Құрметті оқырмандар!

Сіздерді «Кітап патшалығы» журналына жазылушылардың қатарынан көруге қуаныштымыз.

Жазылу индексі:

«Қазпошта» АҚ каталогында - 74330

«Евразия Пресс» агенттігінде - 74330

Уважаемые читатели!

Мы будем рады видеть вас в числе подписчиков журнала «Кітап патшалығы».

Подписной индекс:

в каталоге АО «КАЗПОЧТА» - 74330

в подписном агентстве «Евразия Пресс» - 74330

